

БАУЫРЛАС ЕЛМЕН БАЙЛАНЫС НЫҒАЯ БЕРЕДІ



Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қырғызстанның Жоғарғы кеңес төрағасы Нұрланбек Шакиевті қабылдады.

Қасым-Жомарт Тоқаев Нұрланбек Шакиевке ілтипат білдіре отырып, екі ел арасындағы қатынастарды дамыту және парламентаралық байланыстарды нығайту маңызды екенін атап өтті. Оның айтуынша, Қырғызстан – Қазақстан үшін тату көрші, бауырлас мемлекет және стратегиялық серіктес.

Кездесу барысында Мемлекет басшысы бүгінде қазақ-қырғыз қарым-қатынасы қарқынды дамып келе жатқанын, оған үкіметаралық және парламентаралық деңгейдегі өзара іс-әрекет ықпал ететінін атап өтті. Сондай-ақ екі-жақты сауда-экономикалық ынты-

мақтастық жылдан-жылға нығайтып келе жатқанын және елдеріміз арасындағы тауарайналымын 2 миллиард долларға дейін жеткізу көзделіп отырғанын айтты.

Президент қол жеткізілген уағдаластықтар елдеріміз арасындағы ынтымақтастықтың көптеген бағытының дамуына тын серпін беретініне сенім білдірді. Сондай-ақ Қазақстан бауырлас Қырғызстанмен одақтастық қатынастарды жан-жақты нығайтуға ниетті екеніне назар аударды.

Өз кезегінде Нұрланбек Шакиев кездескені және қазақ халқына тән қонақжайлық көрсеткені үшін Қасым-Жомарт

Тоқаевқа алғыс айтып, Қырғызстан Президенті Садыр Жапаровтың ізгі тілегі мен сәлемін жеткізді. Спикердің айтуынша, Қазақстан мен Қырғызстан барлық жағынан ең жақын елдер саналады және өзара түсіністік пен қолдауға негізделген жан-жақты ынтымақтастық тереңдеп келеді. Сонымен қатар ол Қазақстанда жүргізіліп жатқан реформаларға қолдау білдірді.

Кездесуде Қазақстан мен Қырғызстан арасындағы мәдени-гуманитарлық байланыстарды одан әрі дамыту мәселелері талқыланды.

Кездесу соңында Мемлекет басшысы Қырғызстан Президентіне ізгі тілегі мен сәлемін жолдады.

ГЕОЛОГИЯЛЫҚ БАРЛАУДЫ ДАМУ ТУРАСЫНДА ТАРТАУ



Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ басқарма төрағасы Мағзұм Мырзағалиевті қабылдады.

Мемлекет басшысына компанияның биыл бірінші жартыжылдықта атқарған операциялық және қаржылық қызметінің нәтижесі туралы есеп берілді. Президентке «ҚазМұнайГаз» компаниясы былтырғы осы кезеңмен салыстырғанда барлық негізгі көрсеткіш бойынша өсімге қол жеткізгені баяндалды.

Мағзұм Мырзағалиев ірі инвестициялық жобалардың жүзеге асырылу барысы, атап айтқанда,

Атырау облысында қуаты жылына 1 250 мың тонна полиэтилен өндіретін зауыттың және Маңғыстау облысының Жанаөзен қаласында жанарлы энергия көздерін пайдалану арқылы жұмыс істейтін гибриді электр стансасының құрылысы жөнінде айтты.

Мемлекет басшысына мұнай өңдеу зауыттарының жұмысы, жанар-жағармай материалдары өндірісінің қарқыны және олар-

дың қорын қалыптастыру туралы мәлімет берілді. Атап айтқанда, «ҚазМұнайГаз» Францияның Air Liquide компаниясымен бірлесіп, Павлодар мұнай химиясы зауытында 160 мың тоннаға дейін қысқы дизель отынның өндіруге мүмкіндік беретін жобаны іске асыруға ниетті.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев геологиялық барлау жұмыстарын дамыту және перспективті барлау учаскелерін тарту үшін ірі инвесторлар тарту жөнінде бірқатар тапсырма берді.

БАСПА НАРЫҒЫНЫҢ БАҒЫТЫ ҚАНДАЙ?

Отандық баспа нарығының ғасырға жуық тарихы бар. Алайда еліміздегі кітап сөрелеріндегі басылымдардың басым көпшілігін шетелдік өнімдер құрайды.



6
БЕТ

ЖЕЛІК ҚУҒАН ЖҮРГІЗУШІЛЕР

Елімізде жылдамдықты арттырып немесе дұрыс бұрылыс жасамай, жол-көлік апатына ұшырау азаяр емес. Мотоцикл тізгіндегендер де осы санға өз үлесін қосып жатыр.



7
БЕТ

САЙЛАУШЫЛАРМЕН КЕЗДЕСУ ЖОСПАРЫ ПЫСЫҚТАЛДЫ

Мәжілістегі «АМАНАТ» фракциясының жетекшісі Елнұр Бейсенбаев фракция жиынын өткізіп, онда депутаттардың өңірлерге шығуына байланысты бірқатар маңызды міндетті белгілеп берді.

Шілдеде депутаттардың сайлаушылармен дәстүрлі кездесуі басталады. Сапар барысында мәжілісмендер өндірістік және әлеуметтік нысандарды аралап, еңбек ұжымдарында кездесулер, сондай-ақ азаматтардың жеке мәселелері бойынша қабылдаулар өткізеді. Халық қалаулылары алдағы жұмыс барысын Парламент Мәжілісіндегі «АМАНАТ» фракциясының басқосында талқылайды. Фракция жетекшісі, партияның Атқарушы



хатшысы Елнұр Бейсенбаев халықпен кездесу ашық пікірталас форматында өтіп, жергілікті жердегі

нақты мәселелер талқылануы тиіс екенін атап өтті.

3 >>

ЖУРНАЛИСТ ЖИ-ге ЕСЕ ЖІБЕРМЕЙДІ



Жуырда британиялық The Guardian газетінің хабарлауынша, Германиядағы Bild таблоидының шығаратын Axel Springer компаниясы менеджері, сайт редакторы, корректор, хатшы және фоторедактордан тұратын 200 шақты маманды жұмыстан шығарып, олардың орнын жасанды интеллектпен алмастыру туралы шешім қабылдаған. Ұйымның бас директоры Матиас Дёпфнернің сөзінше, ChatGPT секілді жасанды интеллект құралдары тәуелсіз журналистиканы бұрын-соңды болмаған сапалы деңгейге жеткізе алады екен.

6 >>

ЗЕЙНЕТАҚЫ «ЖЫРЫ» ҚАЙТА БАСТАЛДЫ



Қазақстанда 1 шілдеде ел тарихында алғаш рет қабылданған Әлеуметтік кодекс күшіне енеді. Оның аясында зейнетақы жүйесінің тиімділігін арттыруға және зейнетақы төлемдерінің мөлшерін ұлғайтуға бағытталған шаралар қарастырылған. Әйткенмен, олардың басым көпшілігі Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорындағы қаражатты көбейтуді көздейді. Себебі бұған дейін зейнетақы жарналарын аударудан босатылып келген санаттар да бұдан былай соны төлеуге міндеттелді.

БЖЗК салымшыларының жеке есепшоттарында 2023 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша 15,68 триллион теңгеден астам қаржы жиналған. Бұл сома жыл сайын 2 триллионға артып отырады. Қордың толығы қарқыны өсе түседі.

Өйткені Әлеуметтік кодекс қорға жарна төлейтін жаңа мүмкіндіктер ашты. Атап айтқанда, БЖЗК хабарлауынша, алдағы сенбіден бастап бірнеше

санаттағы азаматтар жарна аудару бастауға міндеттеледі. Олардың арасында агент емес жеке тұлғаларға жалданып, олармен жұмыстарды орындау, қызмет көрсету жөнінде азаматтық-құқықтық сипаттағы (АҚС) шарт бекітіп, табыс табатын жеке тұлғалар бар.

4 >>





ЖОҒАРҒЫ КЕҢЕС ТӨРАҒАСЫМЕН КЕЗДЕСТІ

Мәулен Әшімбаев Қазақстанға ресми сапармен келген Қырғыз Республикасы Жоғарғы кеңесінің төрағасы Нұрланбек Шакиевпен кездесті. Сұхбат барысында парламентаралық ынтымақтастықты одан әрі нығайту және елдер арасындағы серіктестікті кеңейту мәселелері талқыланды.

Сенат Төрағасы Қырғызстан еліміздің Орталық Азиядағы негізгі серіктесінің бірі екенін атап өтті. Бүгінде екі ел арасында дипломатиялық байланыс орнағанына 30 жыл толды. Осы уақыт аралығында әртүрлі салада 150-ден астам келісімді камтитын берік құқықтық база қалыптасты.

«Қазір елдеріміз арасында өзара сыйластық пен тату көршілікке негізделген қарым-қатынас қалыптасқан. Мемлекеттеріміздің басшылары орнатқан тығыз ынтымақтастықты біздің Парламенттеріміз де жоғары деңгейде жалғастырып отыр. Сенатта Қырғыз Республикасының Жоғарғы кеңесімен ынтымақтастық тобы құрылды. Алдағы уақытта да Сенат бауырлас Қырғыз елімен парламентаралық байланысты нығайту бағытындағы жұмысты дәйекті түрде жалғастыра береміз», — деген Мәулен Әшімбаев Мемлекет басшысының бастамасымен елімізде іске асырылып жатқан реформалардың маңызына тоқталып өтті.

Өз кезегінде Нұрланбек Шакиев Қазақстандағы саяси және экономикалық өзгерістерді жоғары бағалап, екі мемлекет арасындағы байланысты әрі қарай дамытудың маңызына тоқталды.

«Қырғызстан мен Қазақстан арасында қандай да бір экономикалық және саяси қарама-қайшылық жоқ. Біз ежелден іргелес қонған бауырлас халықтар

ретінде үнемі бір-бірімізді қолдап келеміз. Мемлекеттеріміздің басшылары Садыр Жапаров пен Қасым-Жомарт Тоқаев екі ел арасындағы, оның ішінде парламентаралық деңгейдегі өзара қарым-қатынасты одан әрі нығайтуға белсенді ықпал етіп келеді», — деді Н.Шакиев.

Сонымен қатар кездесу барысында су ресурстарын басқаруға қатысты ынтымақтастықты нығайту ісіне Парламент депутаттарының қатысу мәселесі сөз болды. Астана халықаралық форумында Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров та осы жайттың өзектілігін тілге тиек еткен болатын.

Сенат Төрағасы Қырғызстанда Су кодексі қабылданғанын ескере отырып, заң шығару жұмысында осы бағытта тәжірибе алмасуға қызығушылық танытты. Соған байланысты ол су ресурстарын басқару жобаларын талқылау үшін екіжақты жұмыс тобын құруды ұсынды.

«Біздің аймақта су мәселесі өте өзекті екені белгілі. Сондықтан бұл бағыттағы проблемаларды бірлесіп шешудің маңызы зор. Біздің тату көршілік және одақтастық қарым-қатынасымызды ескере отырып, осы мәселелер бойынша ашық әрі сындарлы диалог құрамыз деп үміттенеміз», — деді Мәулен Әшімбаев.

Одан бөлек, сұхбат кезінде екі ел арасындағы өңіраралық өзара іс-қимылды арттыру, сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық байланысты кеңейту мәселелері әңгімеге арқау болды.

Айта кетейік, Қырғызстан Жоғарғы кеңесі делегациясының сапары аясында еліміздің басшылығымен, Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшелерімен бірқатар кездесу және басқа да іс-шаралар жоспарланған.

«ПАРЛАМЕНТ СӨЗІ» СЫЙЛЫҒЫ ТАБЫСТАЛДЫ

Мәжілісте журналистерге арналған «Парламент сөзі» сыйлығының қорытындысы жарияланып, арнаулы аталымдар бойынша жеңімпаздар марапатталды. Құрамында Мәжіліс депутаттары мен мемлекеттік орган өкілдері кіретін комиссия шешімі бойынша осы жылы жеңімпаздар жеті номинация бойынша сайысқа түсті. Биыл парламенттік сыйлық сегізінші рет тапсырылып отыр.



Мәжіліс Төрағасы Ерлан Қошанов «Парламент сөзі» сыйлығының жеңімпаздары мен барша бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерін кәсіби мерекемен құттықтады.

— Журналистер күні — тек сіздердің емес, күллі қоғамның мерекесі. Себебі қоғамды БАҚ өкілдерінің елестетуі мүмкін емес. Біздің жұмысты насихаттап, елге заңдардың мәнін түсіндіретін де сіздер. Сол үшін шынайы ризашылығымызды білдіреміз. Баршаңызға зор денсаулық, бақ-береке және шығармашылық табыс тілеймін, — деді Палата Спикері.

Салтанатты жиында «Парламенттік журналистиканы дамытуға қосқан үлесі үшін» номинациясын «Заң» газетінен Айша Тұрмағанбетова, «Жетінші арна» телеарнасынан Айбек Қобдабай алды.

«Үздік баспа жарияланым үшін» номинациясын «Литер» газетінен Жанна Ойшыбаева, «Новое поколение» газетінен Ольга Шишанова иеленді.

«Үздік телевизиялық сюжет үшін» номинациясы Қазақстан ұлттық арнасынан Дарын Сағитов, Jibek joly телеарнасынан Әнуар Карбозов, Atameken Business телеарнасынан Фариза Болатбекке табысталды.

Ал «Үздік бейнесурет материалы үшін» номинациясын «Курсив» газетінен Асқар Ахметуллин, «31 арна» телеарнасынан Нұркен Тоқмурзин иеленді.

«Үздік интернет және радио материалы үшін» номинациясын «Қазақпарат» халықаралық ақпараттық агенттігінен Руслан Ғапбаев, «Қазақ радиосынан» Жанболат Шәкім, zakon.kz сайтынан Оксана Дайрова алды.

«Арнайы репортаж» номинациясы бойынша «Мәжіліс Live» бағдарламасынан Жадыра Медетбекова, «Сұрауы бар» YouTube арнасынан Ербол Сейілхан, ulysmedia.kz ақпараттық агенттігінен Аян Өрбәев марапатталды.

Сондай-ақ «Парламент сөзі» арнайы сыйлығы номинациясы ASTANA телеарнасы мен Qazcontent акционерлік қоғамының ұжымына табысталды.

65 ЖУРНАЛИСТ БАСПАНАЛЫ БОЛДЫ



Мереке қарсаңында елордада 65 журналист баспаналы болды. Оларға Президент атынан пәтер сертификаттары берілді.

Пәтер кілтін Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша «Qazaqstan» РТРК» АҚ, «Хабар» агенттігі» АҚ, Президент Телерадиоқешені, Qazcontent АҚ және «Қазақ газеттері» ЖШС қызметкерлеріне Президент Әкімшілігі басшысының орынбасары — Президенттің баспасөз хатшысы Руслан Желдібай тапсырды.

Президенттің баспасөз хатшысы әріптестерін мерекемен құттықтай отырып, олардың отандық

журналистиканы дамытуға елеулі үлес қосып жүргенін атап өтті. Сондай-ақ Мемлекет басшысы отандық БАҚ-тың бәсекеге қабілеттілігін арттыру мәселесіне айрықша көңіл бөлетінін айтты. Сондықтан Президент еліміздің бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлерін қолдау жөнінде шешім қабылдағанын жеткізді.

Сонымен қатар БАҚ қызметкерлерін Ақпарат және қоғамдық даму министрі Дархан Қыдырәлі, «Дара» қорының басшысы Әсел Шілдебаева құттықтады.



ЕСІРТКІГЕ ҚАРСЫ АКЦИЯ ӨТТІ

Астанада нашақорлыққа қарсы күрес күніне арналған «Денің сау болу — сәнді» атты акция өтті. Іс-шараның басты мақсаты — есірткіге қарсы күрестің ел үшін маңыздылығын көрсету.

Қалалық Психикалық денсаулық орталығында мыңға жуық есірткіге тәуелді адам есепте тұр. Емдеуден гөрі кез келген аурудың алдын алған жөн. Профилактикалық жұмыстар мақсатында елордада «Денің сау болу — сәнді» акциясы болды. Жыл басынан бері Астана қалалық Психикалық денсаулық орталықта шамамен 234 науқас стационарлық емдеуден өтті, оның 16 пайызы ремиссия бойынша есептен шығарылды. Халықаралық нашақорлыққа қарсы күрес күніне орайластырылған

акцияда наркологтер Мұхтар Өтешев пен Әсемхан Шәріпов, психологтер Гүлнара Есмұханова мен Асанәлі Хамзин жұртшылықты есірткі қолданудың жағымсыз салдарлар туралы хабарлар етті.

Жыл сайын есірткі заттарының түрі көбейіп, жаңа препараттар пайда болып жатыр. Есірткі — адамның өмір сүру жасын қысқартып, физикалық және психикалық денсаулықты бұзады. Сондықтан нашақорлықтың алдын алу маңызды, — дейді Тимур Мұратұлы.

Астана қаласы әкімдігінің Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Тимур Мұратов есірткінің халыққа қолжетімді бола түскенінен қауіптенді.

Ж.ҚҰТТЫБАЙ

КҮДІКТІ КӨРШІ

Жетісу облысында көршісін онлайн несие алуға мәжбүрлеген күдікті ұсталды.

Жетісу облысында көршісін онлайн несие алуға мәжбүрлеп, ақшасын тартып алған күдікті ұсталды. Аталған факт Қаратал ауданында тіркелді. Онда полицейлер Үштөбе қаласының 25 жастағы тұрғынына қатысты жасалған тонау фактісі бойынша тергеп-тергеу жұмыстарын бастады.

Жас жігітті өз көршісі қорқытып, онлайн-несие алуға мәжбүр етіп, ақшаның барлығын өзіне алып алған.

«Күдікті ретінде бұрын ұқсас құқықбұзушылықпен, яғни тонау үшін жауапқа тартылған 21 жастағы жігіт ұсталды. Несие сомасы шамамен 30 мың теңге, ақшаның барлығын ол жұмсап үлгерген. Қазір ұсталған адам уақытша ұстау изоляторына

қамауға алынды. Тонау фактісі бойынша тергеу амалдары жүргізілуде», — деді Қаратал ауданы полиция бөлімінің бастығы Нұрболат Шаму.




ЖАРЫҚ СӨНДІ

Алматының орталық көшелеріндегі нысандарда электр энергиясы өшіп қалды.

«Алатау Жарық» компаниясы жарықтың өшіп қалу себебі анықталып жатқанын хабарлады.

«Медеу ауданында Бөгенбай батыр, Калдаяков, Гоголь, Конаев көшелерінде электр энергиясы өшіп қалды. Мамандар жұмыс істеп жатыр, себебі анықталуда. Екі сағатта жарық беріледі деп күтіліп отыр», — деп хабарлады компания.





САЙЛАУШЫЛАРМЕН КЕЗДЕСУ ЖОСПАРЫ ПЫСЫҚТАЛДЫ

Мәжілістегі «AMANAT» фракциясының жетекшісі Елнұр Бейсенбаев фракция жиынын өткізіп, онда депутаттардың өңірлерге шығуына байланысты бірқатар маңызды міндетті белгілеп берді.

Шілдеде депутаттардың сайлаушылармен дәстүрлі кездесуі басталады. Сапар барысында мәжілісмендер өндірістік және әлеуметтік нысандарды аралап, еңбек ұжымдарында кездесулер, сондай-ақ азаматтардың жеке мәселелері бойынша қабылдаулар өткізеді. Халық қалаулылары алдағы жұмыс барысын Парламент Мәжілісіндегі «AMANAT» фракциясының басқосында талқылады. Фракция жетекшісі, партияның Атқарушы хатшысы Елнұр Бейсенбаев халықпен кездесу ашық пікірталас форматында өтіп, жергілікті жердегі нақты мәселелер талқылануы тиіс екенін атап өтті.

«Халықтың барлық санатымен, соның ішінде шалғай ауылдардың тұрғындарымен кездесу қажет. Зейнеткерлер, көпбалалы отбасылар, ерекше қажеттілігі бар адамдардың сынды әлеуметтің жағдайы төмен

тұрғындарға да айрықша назар аудару керек. «AMANAT» партиясының депутаттары халықтың әлеуметтік мәселелерін шешуге баса мән беруді тиіс. Азаматтардан жиналған арыз-шағымдар жана депутаттық сауалдар мен заң жобаларының негізіне айналады. Бұл – Парламенттің төменгі палатасындағы жаңа сессияның күн тәртібін қалыптастырады», – деді ол.

Бұдан соң фракция жетекшісі партияның 2023-2027 жылдарға арналған «Халықпен бірге!» сайлауалды бағдарламасын орындауды көздейтін Жол картасын жүзеге асыруға ерекше назар аударды.

«Өңірлерге барған кезде сумен қамтамасыз ету, жылу энергетикасы, денсаулық сақтау нысандарының құрылысымен танысу қажет. Барлық жұмыс барысын бақылауға алу керек. Республикалық Жол картасының әр тармағы депутаттар мен жауапты мемлекеттік органға жеке-жеке бекітілгені белгілі. Сапар барысында партияның сайлауалды бағдарламасының жүзеге асырылуына талдау жүргізілуі тиіс. Жол картасын жүзеге асыру кезінде нысандарды іске қосу жұмысы

кешіктірілген болса, мәселені қысқа мерзімде шешу үшін тиісті шара қабылдау, оған жергілікті атқарушы органдарды жұмылдыру қажет», – деді ол.

Тұрғындармен кездесу барысында депутаттар сайлаушыларды қабылдаған заңнамалық жана-лықтар туралы хабардар етіп, азаматтар көтерген аса маңызды мәселелерге зер салады. Алдағы уақытта депутаттар Үкіметпен бірлесіп осы мәселелердің шешімін табуға күш салады. Аймақтарға шығу қорытындысы күзде Парламент Мәжілісіннің жалпы отырысының бірінде талданады.

Еске сала кетейік, бұған дейін фракция мүшелері 2023-2027 жылдарға арналған «Халықпен бірге!» сайлауалды бағдарламасын жүзеге асыруды көздейтін республикалық және 20 өңірлік Жол картасын бекітті. Соған сәйкес, 78 млн шаршы метрден астам жана тұрғын үй салу, мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында 300 мың жана орын салу, мектептерде 1,5 млн оқушы орнын құру, халықты сумен 100% қамтамасыз ету, шағын бизнеске ерекетіні 15 мың артық кедергіні жою көзделіп отыр.

МОНОҚАЛАЛАРДЫҢ МӘСЕЛЕСІ ОРТАҚ



Бүгінде елімізде 1,4 млн адам тұрып жатқан 27 моноқала бар. Бұл ел тұрғындарының 7 пайызына тең. Онда 32 қала құраушы кәсіпорын жұмыс істейді. «AMANAT» партиясы жанындағы Өңірлік даму жөніндегі республикалық кеңестің отырысында осы моноқалалардың әлеуеті мен болашағы туралы айтылды.

Кеңес төрағасы, Мәжіліс депутаты Берік Бейсенғалиев барлық моноқаладағы коммуналдық инфрақұрылымның тозығы жетіп тұрғанын атап өтті. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты жөндеу және жаңғырту жұмысына мемлекет қаржы бөлсе, жергілікті биліктің міндеті – бұл іске кәсіпкерлерді тарту.

«Жобалық-сметалық құжаттама әзірленгенімен, қаражат бөлінбей қалған жағдайлар бар. Немесе, керісінше жөндеу немесе жаңғырту жұмысы қажет болғанымен, ЖСК әзірленбеген болып шығады. Мұндай маңызды мәселелер Екібастұз және Риддер қалаларындағыдай шұғыл түрде емес, жүйелі негізде шешілуі тиіс деп санаймын. Жуырда Арқалық қаласында болды. Ондағы әлеуметтік-экономикалық дамудың кешенді жоспары Амангелді және Жангелді аудандарымен біріктірілген. Бұған бас-аяғы 504 млрд теңге қарастырылса, оның тек 80 млрд теңгесі ғана республикалық және жергілікті бюджеттен бөлінді. Бұл қаражат инфрақұрылымды дамытуға, жол жөндеуге, жылу, су жүргізу жұмысына көзделуде. Ал қалған 424 млрд теңге – жеке инвестиция. Оны өңір басшылары тартуы тиіс. Яғни, біз депутат ретінде бюджеттен қара-

жат бөлуге атсалысамыз. Ал инвестиция тарту – моноқалалардағы әкімдердің тиімді қызметінің көрсеткіші болмақ», – деді ол.

Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің төрағасы Тимур Қарагойшин моноқалаларда тұрғын үй кезегінде 54 мың отбасы тұрғанын айтты.

«Жыл соңына дейін 27 моноқалада 522,9 мың шаршы метр тұрғын үйді пайдалануға беру жоспарлануда. Оның ішінде 143 мың шаршы метр тұрғын үй салынып қойды. Моноқалаларда жалға берілетін тұрғын үйге 8,4 млрд теңге бағытталды. Бұл қалам 880 отбасының баспана жағдайын жақсартуға мүмкіндік береді. Екібастұз, Арқалық, Рудный, Степногорск, Балқаш, Теміртау, Лисаковск, Кентау, Жезқазған сынды моноқалалардағы жылу жүйесін жаңғыртуға 25 млрд теңге бөлінді. Бұл қаражатқа 31 шақырымға жуық желіні жаңғырту жоспарлануда», – деді ол.

Елдегі жалпы өнеркәсіп өндірісінің 30 пайызы моноқалаларда орналасқан. Солай бола тұра, мұндай қалалар өңірдегі білім мен денсаулық сақтау орталығы ретінде халықты тартуы тиіс. Мәжіліс Төрағасының орынбасары, «AMANAT» фракциясының мүшесі Альберт Рау осылай дейді. Ол моноқаладағы әкімдер республикалық бюджеттен бөлінетін қаражатқа ғана сенім артып отыра бермеуі керек екенін алға тартты. «Әкімдердің дамуына мүмкіндік беру, олардың құқықтарын, өкілеттіктерін және салық базасын кеңейту қажет екенін бірнеше жылдан бері айтып келеміз. Шағын кәсіпкерлік субъектілерінен

түсетін корпоративтік табыс салығының кем дегенде 50 пайызы аудандар мен қалалардың жергілікті бюджетінде қалуына қол жеткіздік. Енді соны 100 пайыз қалдыру жөнінде түзету енгіздім. Қала әкімдігі ғимарат салынып, алғашқы екі жыл тегін жалға берілуіне жағдай жасауы керек. Сонда шағын және орта бизнестің Арқалық немесе Жітіқара сияқты қалаларға баруға деген ынтасы пайда болады. Жобалық-сметалық құжаттама әзірлеп, өтім жолдаумен жұмыс бітпейді. Моноқалалар масыл емес, экономиканы алға сүйрейтін күш болуы керек», – деді ол.

Кеңес мүшесі, Мәжіліс депутаты Юлия Кучинская коммерциялық сектордан түсетін қаражатқа үміт артпаса бұрын инвестицияларға жағдай жасап, қызғыштылық таныту керек екенін атап өтті. Алайда кәсіпкерлер де моноқалалардағы тұрғындар алдында жауапкершілікті сезінуі тиіс.

«Бизнестің әлеуметтік жауапкершілік нормалары қаншалықты орындалып жатқанына талдау жүргізу қажет. Мәселен, Рудныйдағы Соколов-Сарыбай тау-кен байыту өндірістік бірлестігі өз міндеттемесін дұрыс орындап отыр. Ал Степногорск қаласындағы бір кәсіпорында болғанымен, тіпті аумағын ретке келтірмегенін, адамдар ауыр жағдайда жұмыс істейтінін байқалды. Қала құрушы кәсіпорындар мен жергілікті атқарушы органдардың өзара іс-қимылы қаншалықты тиімді жүргізіліп жатқанына, бизнестің әлеуметтік салаға бөлетін қаражаты қайда бағытталып отырғанына тексеру жүргізуді ұсынамын», – деді ол.

Сондай-ақ жиын барысында «AMANAT» партиясының Хатшысы Ержан Жылқыбаев кеңестің бұрынғы құрамының мүшелеріне белсенді және жемісті жұмысы үшін алғысхат табыс етті. Ол бытыр өңірлерді дамыту жөніндегі барлық деңгейдегі кеңес мүшелері 90-нан астам өзекті мәселені қарағанын, мемлекеттік органдарға 584 ұсыныс әзірлегенін атап өтті.

Отырыс қорытындысы бойынша кеңес мемлекеттік органдарға, атап айтқанда, тұрғын үй және жол құрылысы жоспарларына өзгеріс енгізу, Мемлекеттік басқару академиясы базасында әкімдер үшін оқыту семинарларын өткізу туралы бірқатар ұсыныс қабылданды. Жергілікті атқарушы органдарға ескерілмеген мәселелер бойынша кешенді даму жоспарларын түзету ұсынылды.

БІЛІМ САЛАСЫНДА БЫЛЫҚ КӨП



2020 жылдан бері білім беру саласында 343 сыбайлас жемқорлық фактісі тіркеліп, оған қатысы бар 255 адамның заңға қайшы әрекеті әшкереленді. Ал олардың мемлекетке келтірген шығыны шамамен 11 млрд теңгені құрап, оның 5,2 млрд теңгесі қайтарылды.

Мұндай жаға ұстатарлық мәліметтер «AMANAT» партиясы жанындағы Білім беру мен денсаулық сақтау мәселелері жөніндегі республикалық кеңес отырысында айтылды. Жиында білім беру саласында анықталған аймақтардағы қаржылық занбушылық мәселесі күн тәртібіне қойылды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Превенция қызметінің Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау басқармасының басшысы Нұрдәулет Саметтің айтуынша, негізінен бюджет қаражатын жымқыру (46 пайыз), паракорлық (27 пайыз), лауазымды өкілеттікті асыра пайдалану (18 пайыз) фактілеріне жол беріледі. Ал мұндай өрескел әрекетке баратындар – көбіне орта мектептердің, колледждердің директорлары, балабақша менгерушілері, бухгалтерлер, Білім басқармалары және бөлімдерінің басшылары мен мамандары.

Қызылорда, Ақтөбе облысы мен Талдықорған қаласындағы білім беру саласы қызметкерлеріне қатысты соңғы резонанстық істер ауқымды сыбайлас жемқорлыққа жол ашатын біраз мәселені бетін ашты. Осы себепті агенттік Оқу-ағарту министрлігімен бірлесіп бюджетті жоспарлау және игеру мәселелері, оның ішінде педагогтерге еңбекақы төлеу қоры бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне сыртқы талдау жүргізді.

«Талдау жұмысының нәтижесінде еңбекақы төлеу қорынан бюджет қаражатына қол салудың барлық схемасы ашылды. Бюджетке өтімін жасаған кезде қаражат көлемін алдын ала қолдан жоғарылатып көрсетеді. Мұнда Атап айтқанда, мемлекеттік сатып алулардың құнын, балалар мен педагогтердің санын, мұғалімдердің жүктемесін асырып көрсету, бос жұмыс орындарын құрып, оған қарастырылған қаражат жыл соңына дейін игерілмеуі үшін сол орындарға әдейі ешкімді жұмысқа қабылдамай сияқты китүркі әрекеттер жасалған. Осыдан келіп үнемделген қаражатты білім бөлімі аффилирленген мектептердің арасында бөліске салады. Әрі қарай әлгі мектептердің директоры мен есепшісі бухгалтерлік есеп бағдарламалары мен ақпараттық

жүйелердің осалдығын пайдаланып, қаржыны жымқырып қалады», – деді Н.Самет.

Сондай-ақ оқаша жымқыру жамақаны белгіленген нормадан тыс есептеу, мектепте мүлде жұмыс істемейтін адамдарға айлық төлеу, жеке деректерді ақпараттық сияқты жолдар арқылы жасалғанын алға тартты. Жұмысқа тек қағаз жүзінде қабылданған жандарға жалақы төлеу фактілері де анықталды. Сол сияқты Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитеті де еліміздің білім беру саласында 2022 жылғы және 2023 жылғы I тоқсан кезеңі аралығына аудиторлық іс-шара жүргізіп, бірқатар занбушылықты анықтады. Құзырлы органның ақпараты бойынша бюджеттен бөлінген 361 миллиард 147,9 миллион теңге қаражаттың 10 миллиард 564,2 миллион теңгесі қаржылық занбушылыққа ұшыраған. Сондай-ақ мемлекеттік сатып алу кезінде заңға қайшы әрекет жасалып, 3 миллиард 542 миллион теңге мақсатқа сай жұмсалмады деген қорытынды шығарылды.

«Соған байланысты ведомство тиісті шара қабылдап, бюджет кірісіне 1 миллиард 606 миллион теңге қайтарылды және 6 миллиард 632 миллион теңге қалпына келтірілді. Занбушылыққа жол бергені үшін 522 лауазымды тұлға тәртіптік және 114 лауазымды тұлға әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Қылмыстық қудалау органдарына 59 аудиторлық материал ұсынылып, ол бойынша 25 қылмыстық іс қозғалды», – деді Ішкі мемлекеттік аудит комитеті төрағасының орынбасары Марат Байдурын.

Жоғары аудиторлық палатасының мүшесі Нұрлан Нұржанов осындай келенділіктерге жол бермеу үшін ең алдымен тәуекелдерді басқару жүйесіне тиісті деңгейде көңіл бөлінуі керек екенін алға тартты.

«Қыруар қаражаттың жымқырылуы бір күнде болған жоқ. Сондықтан бақылау органдары жергілікті деңгейдегі тәуекелді басқару жүйесіне тиісті өзгерістер енгізіп, қайта сараптама жасауы керек. Сонымен қатар аудит жүргізу кезінде камералық бақылау тәжірибесін қолданған жөн. Ол арқылы нысанға бармай-ақ қашықтан мониторинг жасап, жүйелерді қарап отыруға болады. Қазынашылық органдардағы

базаға интеграция жасау маңызды деп ойлаймыз», – деді ол.

Ал «Қазақстанда парламентаризмді дамыту» қорының президенті, кеңес мүшесі Зәуреш Батталова: «Бөлінген бюджет қаржысының дұрыс игерілуі, оның балаларға жетпеуі қоғамда әлеуметтік наразылықтың туындауына тікелей себепкер», – деп есептейді. Оның пікірінше, саладағы жемқорлықты мемлекеттік бақылау арқылы жеңу мүмкін емес, мұнда қоғамдық бақылауды күшейтеу керек. Сонымен қатар кешенде бүгінде Білім басқармалары әртүрлі 8 ақпараттық жүйені қолданатыны айтылды. Бұл да «бармақ басты, көз қысты» әрекетке баруға мүмкіндік жасайды. Сондықтан есеп және қазынашылық қызметтеріне бірыңғай ақпараттық жүйені енгізуі маңызды. Кеңес төрағасы, Мәжілістегі «AMANAT» фракциясының депутаты Жұлдыз Сүлейменова өзі аралаған бірқатар ауыл мектебінің қазіргі жай-күйіне тоқталды.

«Қабырғасы қақырап, төбесі түсіп, едені шұрық тесік болған мектептің көрген кезде жүрегің ауырады. Осындай жағдайда миллиардтаған қаржының жымқырылып жатқанына үн-түнсіз қарап отыруға болмайды. Себебі сол қаражат ауылдың мектебіне жетіп, ауылдағы баланың біліміне жұмсалып тиіс. Еліміздің болашағының жарқын болуы бүгінгі мектептегі баланың болашағын ұрпақтауына байланысты. Оған әрқайсысымыз жауаптымыз. Сондықтан азаматтық белсенділік танытамыз», – деді халық қалаулысы.

Сондай-ақ ол еліміздегі 7-500 мектептің материалдық-техникалық базасының деңгейіне алаңдаушылық білдірді. Бұл мәселеге қатысты кеңес төрағасы білім ошақтарына ұлттық аудит жүргізілуі қажет деп санайды.

«Білім саласында жасалып жатқан он өзгеріс әрине, бірақ оның бәрі тиісті нәтиже бермеуде. Себебі жемқорлыққа жол беріліп отыр. Қазір тек қана еңбекақы төлеу қорына қатысты көптеген занбушылық болғанын көрдік. Ал мектептердің мүлкін түгендеуге, мемлекеттік сатып алуға қатысты тексеріс жүргізілсе, занбушылықтың ол жақтан да анықталуы өбден мүмкін», – деді Ж.Сүлейменова.

Осыған байланысты кеңес жауапты ведомстволарға барлық өңірдегі білім ошақтарына үш бағытта: еңбекақы қорына, мектептердегі инвентаризацияға және мемлекеттік сатып алуға қатысты ұлттық аудит жүргізуді ұсынды.

Ерке ЕРҚОҢЫР

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ФОРУМ ӨТЕДІ

29 маусымда Астана қаласында «AMANAT» партиясынан сайланған барлық деңгейдегі мәслихаттар депутаттарының алғашқы республикалық форумы өтеді.

Форум жұмысына Мәжіліс пен мәслихаттардағы фракция мүшелері, партияның Саяси кеңесінің мүшелері, ҰЕҰ өкілдері, «Жастар Рухы» жастар қанатының белсенділері және тағы басқалар қатысады.

Форум барысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың реформаларын жүзеге асыру аясында өңірлерді дамыту, сондай-ақ мәслихаттардың өкілеттіктерін кеңейту мәселелері талқыланады.



Дайындаған Нұрлан КОСАЙ

ЗЕЙНЕТАҚЫ «ЖЫРЫ» ҚАЙТА БАСТАЛДЫ

Қазақстанда 1 шілдеде ел тарихында алғаш рет қабылданған Әлеуметтік кодекс күшіне енеді. Оның аясында зейнетақы жүйесінің тиімділігін арттыруға және зейнетақы төлемдерінің мөлшерін ұлғайтуға бағытталған шара қарастырылған. Әйткенмен, олардың басым көпшілігі Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорындағы қаражатты көбейтуді көздейді. Себебі бұған дейін зейнетақы жарналарын аударудан босатылып келген санаттар да бұдан былай соны төлеуге міндеттелді.

БЖЗК салымшыларының жеке есепшоттарында 2023 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша 15,68 триллион теңгеден астам қаржы жиналған. Бұл сома жыл сайын 2 триллионға артып отырады. Қордың толығы қарқыны өсе түседі.

Өйткені Әлеуметтік кодекс қорға жарна төлейтін жаңа мүмкіндіктер ашылды. Атап айтқанда, БЖЗК хабарлауына, алдағы сенбден бастап, бірнеше санаттағы азаматтар жарна аудару бастауға міндеттеледі. Олардың арасында, біріншіден, агент емес жеке тұлғаларға жалданып, олармен жұмыстарды орындау, қызмет көрсету жөнінде азаматтық-құқықтық сипаттағы (АҚС) шарт бекітіп, табыс табатын жеке тұлғалар бар.

Екіншіден, бұл қатарға Қазақстан аумағында тұрақты тұратын және Қазақстандағы халықаралық ұйымдардың өкілдіктерінде, елде аккредиттелген шетелдік мемлекеттердің дипломатиялық өкілдіктері мен консулдық мекемелерінде жұмыс істейтін жеке тұлғалар кірді. Әйтпесе, биылғы шілдеге дейін бұл адамдар БЖЗК-ға міндетті зейнетақы жарнасын төлеуден босатылған-тын.

Үшіншіден, Әлеуметтік кодекс келесі 2024 жылдан бастап, бірінші жиынтық төлемді (БЖТ) жояды. Яғни, БЖТ-мен жұмыс істеп келген өзін-өзі жұмыспен қамтушылар жеке кәсіпкер ретінде тіркеліп, қорға өзі үшін жарна аударуға мәжбүр болмақ. Бұған дейін ол жарна шағын ғана мөлшерде БЖТ құрамына қосылып келген еді.

Төртіншіден, 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап, барлық жұмыс беруші өз есебінен бүкіл жұмыскері үшін жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарнасын төлеуі тиіс болады. Жарна мөлшері қызметкердің ай сайынғы табысына



байланысты және жыл сайын өсіп отырады.

ҚАПТАҒАН ШЕКТЕУ ХАЛЫҚТЫ ҚАЗЫТПАЙ МА?

Қазақстандықтар осынша қаражаттың қызығы мен игілігін көп көре алмайтын түрі бар. Себебі жаңа Парламент қабылдаған Әлеуметтік кодекс ол қаржыны пайдалануға көптеген шектеу енгізді. Ол шектеулердің мәнсізін БЖЗК жанындағы Қоғамдық кеңестің отырысында «БЖЗК» АҚ-ның Заң департаментінің директоры Назым Бақтыбаев түсіндіріп берді. Назым Абдухалимұлының айтуынша, Әлеуметтік кодекстің аясында зейнетақы заңнамасына енгізілген өзгерістер салымшылардың инвестициялық мүмкіндіктерін кенейтуге, жерлеуге төленетін төлемді ұлғайтуға, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын жаппай енгізуге және БЖЗК комиссиялық сыйақысын төмендетуге бағытталған.

Шектеулері қандай? Бірінші шектеу – қазақстандықтар жұмыс берушісі аударған зейнетақы жарнасын не баспана сатып алуға, не емделуге жұмсай алмайды. Президент бастамасымен қордағы жеткіліктілік шегінен асқан зейнетақы жинағын азаматтарға өзінің, жұбайының немесе жақын туыстарының пайдалануға емделу және тұрғын үй жағдайларын жақсарту мақсатында жұмсауға мүмкіндік берілген еді. Осының арқасында 1 миллионға жуық адам артылған жинағын біржолғы зейнетақы төлемдері (БЖТ) түрінде алып, пайдалануға жаратқан.

Алайда бытырғы сәуірден бастап олардың қатары кеміді.

Себебі елде жеткіліктілік шегі екі еседен астамға өсті де, көптеген адамның артылып тұрған жинағы тосыннан жаңа шекке де жетпей қалды. Сондықтан халық 2024 жылдан бастап, БЖЗК-дағы жинақтары жұмыс берушісінің жарнасы есебінен қарқынды өседі және соның арқасында зейнетақы жинағын баспана алуға жұмсау мүмкіндігі қайталан пайда болады деп қатты үміттенді. Үкімет пен Парламент елдің ол үмітін үзіп отыр.

«Қолданыстағы ереже бойынша азаматтарға жұмыс берушілер өз есебінен төлейтін міндетті кәсіби зейнетақы жарналарын (МКЗЖ) да баспана алуға немесе емделуге бағыттауға рұқсат етілді. Ал 2023 жылғы 1 шілдеден кейін біржолғы зейнетақы төлемдері ЖМЗЖ есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтарынан жүзеге асырылмайтын болады. Азаматтар бұдан ары баспанаға не емделуге тек өзінің міндетті зейнетақы жинақтарын ғана пайдалана алады», — деді қордың Заң департаментінің басшысы.

Екінші шектеу – жерлеуге арналған біржолғы төлемге қатысты. Қолданыстағы қағидаға сәйкес, БЖЗК-дан зейнетақы аударымын алушы адам, сондай-ақ зейнетақы жинақтары бар және зейнеткерлік жасқа толмаған адам дүние салса, онда оның отбасына немесе жерлеуді жүзеге асырған адамға 52,4 АЕК немесе 2023 жылғы 180 780 теңге мөлшерінде жерлеуге арналған біржолғы төлем берілетін.

Әлеуметтік кодекске сәйкес, билік биыл 1 шілдеден бастап, БЖЗК-дағы жинағының қызығын көрмей, қақиға аттанған салым-

шысының жерлеуін ұйымдастыратын өзге адамдарды осы төлемнен қағып отыр. Ол төлем тек оның отбасы мүшелеріне ғана беріледі. Тіпті, туыстарына да тимейді.

БЖЗК жерлеу төлемінің сомасы 1 шілдеден бастап, қазіргі 52,4 АЕК-тен 94 АЕК-ке немесе 2023 жылғы 324 300 теңгеден өсетінін мәлімдеді. Тек жаңа кодекске сәйкес, БЖЗК-да немесе Қазақстанда жанадан құрылатын ерікті жинақтаушы зейнетақы қорында (ЕЖЗК) зейнетақы жинақтары бар адам қайтыс болса, онда жерлеуге арналған төлем оның тек отбасы мүшелеріне аударылады. Сонымен қатар төлем көлемі 94 АЕК-тен әлдеқайда аз болуы мүмкін: төлем сомасы жан тапсырған адамның жеке зейнетақы шотында қалған жинақтарының сомасы және Онда он мың теңге жатса, сонша беріледі. Өз клиенті үшін БЖЗК қайырымдылық жасап, оның жерлеу шығынын көтермейді.

Үшінші шектеу – ерікті зейнетақы жинақтары (ЕЗЖ) есебінен төленетін төлемге қатысты.

«2023 жылғы 1 шілдеден бастап, ЕЗЖ есебінен зейнетақы төлемдеріне қүқығы бар тұлғалар тізбесі өзгереді. Ол тізімнен БЖЗК-да немесе ЕЖЗК-да ерікті зейнетақы жинақтарының сомасы және оларға есептелген инвестициялық кіріс шегінде зейнетақы жинақтары кемінде 5 жыл болған адамдар алынып тасталады. Сонымен қатар Қазақстаннан тыс жерлерге тұрақты тұруға кететін мәртебесіне ие шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар да бұл тізімнен шығарылады», — деді көр өкілдері.

Төртінші шектеу мерзімінен бұрын зейнеткерлікке шығу үшін

зейнетақылық аннуитет бекітетін азаматтарды қамтиды.

«Биылғы шілдеден кейін сақтандыру ұйымымен арада Сақтандыру төлемдерін өмір бойы жүзеге асыру туралы зейнетақы аннуитеті шартын жасасуға құқылы адамдар санатынан БЖЗК-да зейнетақы жинақтары бар, мүгедектігі мерзімсіз болып белгіленген бірінші және екінші топтағы мүгедектік берілген адамдар шығарылып тасталады» деп хабарлады БЖЗК.

БОЛАШАҚТАҒЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ 300 ДОЛЛАР ҒАНА МА?

Дегенмен осы өзгерістер мен шектеулердің бір бастамашысы саналатын Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі одан тек игілікті көріп отыр. Ведомствонның түсіндіруінше, Әлеуметтік кодексте зейнетақы жүйесінің тиімділігін арттыруға және зейнетақы төлемдерінің мөлшерін ұлғайтуға бағытталған бірқатар шара қарастырылған.

«Қазақстанда көпдеңгейлі зейнетақы жүйесі қалыптасып, жұмыс істейді. Оған базалық және ынтымақты зейнетақы, сондай-ақ БЖЗК зейнетақы төлемі кіреді. Соңғысы азаматтардың зейнетақы жинақтары есебінен қалыптасады. Ал ынтымақты зейнетақы жүйесі біртіндеп қысқартылуда. Өйткені оны тағайындауға азаматтардың тек 1998 жылдың 1 қаңтарына дейін, яғни жинақтаушы жүйе енгізілгенге дейінгі еңбек өтілі ескеріледі. Ал 1998 жылға дейін салмақты еңбек өтілі бар қазақстандықтар саны азайып барады. Сондықтан биыл Әлеуметтік кодексте көзделген зейнетақы жүйесінің тиімділігін арттыру шараларының жаңа пакеті іске асырылып жатыр», — деді министрлік мамандары.

Министрлік мәліметінше, біріншіден, 2023-2027 жылдар кезеңінде ең төменгі базалық зейнетақы мөлшерін кезең-кезеңімен 54 пайыздан 70 пайызға дейін, яғни ең төменгі күнкөрістің 100 пайызынан 120 пайыз деңгейіне жеткізу көзделген. Осы кезеңде базалық зейнетақы мөлшері орта есеппен 51 пайызға дейін көтеріледі. Бұл ретте базалық зейнетақының орташа мөлшерінің жыл сайынғы өсуі шамамен 13 пайызды құрамақ. Бұл Қазақстандағы барлық 2,2 миллион зейнеткерге әсер етеді.

Екіншіден, 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнеткерлікке шығатын азаматтар үшін ынтымақты зейнетақыны есептеу үшін пайда-

ланылатын ең жоғары табыс мөлшері 46 АЕК-тен 55 айлық есептік көрсеткішке ұлғайтылды.

Осы шаралар 2025 жылға қарай, яғни 3 жыл ішінде жиынтық зейнетақыны орта есеппен 27 пайызға — 109 мыңнан 138 мың теңгеге арттыруға мүмкіндік береді. Бұл сома қазіргі бағаммен 300 долларды ғана құрайды. Әйткенмен, сол өсімді ұлттық валютаның кейінгі девальвациясы құнсыздандыруы мүмкін.

Сондай-ақ осы шара жиынтық зейнетақыдағы мемлекеттік төлемдердің үлес салмағының артуына әкеледі. Бұл да мемлекеттік бюджет шығыстарын күрт өсіретін сынқатердің бірі.

Зейнетақы жүйесін жаңғыртудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасына сәйкес, базалық зейнетақы мөлшері жыл сайын инфляция деңгейіне, ал ынтымақты зейнетақы мөлшері инфляция деңгейінен 2 пайыз оза индекстеледі. Жыл сайынғы өсімді ескере отырып, жиынтық зейнетақының орташа мөлшері 120,7 мың теңгені құрауы тиіс. Оның ішінде базалық — 37 862 теңге, ынтымақты — 82 881 теңге.

Сондай-ақ Әлеуметтік кодекстің жаңашылдықтарының бірі — БЖЗК салымшысы төл зейнетақы активтерінің 50 пайызын өзінің дербес тандауы бойынша жеке басқарушы инвестициялық компанияларға беру мүмкіндігі ұсынылады. Бұл азаматтарға зейнетақы активтерін басқаруға қатысуға, төл зейнетақы жоспарын құруға, жинақтарының инвестициялаудың балама саясатын тандауға мүмкіндік бермек.

Мұның сыртында, Әлеуметтік кодекс аясында 2023 жылғы 1 шілдеден бастап, БЖЗК-да зейнетақы жинақтары бар «еңбек сіндірген жылдары бойынша зейнеткерлерге» (пенсияерлері по выслуге лет) тұрғын үй жағдайларын жақсартуға немесе емделуге өз зейнетақы жинақтарының барлық сомасын пайдалану құқығы беріледі. Бұл құқықты республикада 75 мыңға жуық адам пайдалана алады. БЖЗК-да олардың жалпы сомасы 120 млрд теңге жинағы жатыр.

Қорыта айтқанда, сарапшылар тиімділігін көрсете алмаған Қазақстанның зейнетақы жүйесін үлкен сынақтар күтіп тұрғанына назар аудартып жүр. Ендеше бұл жолғысы реформаның басы да емес, соны да емес. Болашақта басқа да шектеулер болуы мүмкін.

Елдос СЕНБАЙ

БАЛАЛАР ЛАГЕРІНЕ БАҚЫЛАУ БАР МА?

Жазғы маусым басталысымен сауықтыру лагерлерінің дәуірі жүреді. Бірақ олардың барлығы бірдей оқушылардың әрі шынығып, әрі тынығуына мүмкіндік бере алмайды. Себебі лагерлердің жұмысын реттейтін бірыңғай заң нормасы мен стандарт жоқ.

Жанел ҚҰТТЫБАЙ

ДЕМАЛЫСТЫҢ АЛАНСЫЗ БОЛҒАНЫ МАНЫЗДЫ

Бұл мәселеге Мәжіліс депутаты Дәулет Мұқаев та назар аударып, Премьер-Министр Әлихан Смайылов пен Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсеубаевқа депутаттық сауал жолдады.

Депутат келтірген мәліметтерге көз жүгіртсек, мемлекет тарапынан нақты бақылау болмағандықтан кейбір ата-аналар балаларына лагер тандауға шетел асып кеткен көрінеді.

— Оқушылар асыға күтетін жазғы демалыста балалар үшін жазғы сауықтыру лагерлері есігін айқара ашты. Бірақ жаз мезгілінің алғашқы айы аяқталмай жатып, әлеуметтік желіде желдей ескен Түркістан облысындағы бейнежазба ата-аналарды елең еткізді. Мұндай лагер мәселесі тек биыл ғана көтеріліп отырған жоқ. Соңғы жылдарда балалар лагері назардан тыс қалған сала болып отыр, — дейді Дәулет Мұқаев.

Депутаттың пікірінше, лагер мәселесін шешу үшін мұндай мекемелердің жұмысын ұйымдастыру бойынша бірыңғай талаптар пен ережелерді бекіту керек. Жазғы демалысты ұйымдастырушылар міндетті түрде мемлекеттік мекеме тарапынан лагер мазмұны мен материалдық-техникалық базаларына сәйкес тексеруден өтіп, лицен-



зиялануы керек. Мүмкіндік болса барлық лагерлер орталықтандырылған бірыңғай сайтқа болғаны абзал.

Сонымен қатар лагерлерде маман тапшылығы қатты сезіледі. Лагерлердің басым көпшілігінде балаларды қарауға уақытша жұмыс ретінде студенттерді тартады. Өз білімін толық жетілдірмеген студенттер мектеп оқушыларын қалай тәрбиелейді? Сондықтан лагерде жұмыс істейтін мамандарға арнайы оқыту курстары ұйымдастырылып, мамандандырылған ұстаздарды тарту да артық болмайды.

Ең бастысы, жазғы сауықтыру лагерлерінде нақты белгіленген баға жоқ. Әр ата-ана баласының жақсы сауықтыру

орталықтарына барғанын қалайды. Өйтсе де, көп ата-ананың қалтасына ауыр келетін ескерсек, бағаға сай сапа болғаны жөн.

Әрине, жазғы маусымда бала үшін лагердің тиімділігі көп. Біріншіден, бала өзіне жана орта табыды, көпшілік ортамен араласу арқылы ашыла түседі. Екіншіден, лагерде баланың қарым-қабілеті жан-жақты дамиды.

ТАЛАНТТЫ ТАНЫП, ЖІГЕРІН ЖАНИДЫ

Жазғы демалыстың алғашқы айының өзінде миллионнан астам қазақстандық оқушы сауықтыру лагерлерінде демалған.

Балаларға арнап қала сыртындағы мектеп жанындағы, киіз үй және шатырлы лагерьлер жұмыс істейді. Балалар үшін сауықтыру, білім беру, экологиялық, шығармашылық, спорттық, көшбасшылық бағдарламалары әзірленді. Жазғы лагерлерде балаларға арнап әртүрлі танымдық тәрбие беріледі. Баланың ата-анада, мектептегі мұғалім де аша алмаған, білмеген қарым-қабілетін лагерде дамыта алады. Бұл жазғы лагердің ең ұтымды тұсы деуге болады.

— Қазақ тіліндегі жазғы күндізгі лагері, 7 жастан 14 жасқа дейінгі балаларға арналған. Лагерде әртүрлі ойындар ойнатамыз, сонымен қатар қазақ тілі мен мәдениетін үйретеміз. Балалар күнделікті өмірдегі көріністер арқылы түрлі өлеңдер мен өндерді жаттайды, нәтижесінде қазақ мәдениетін жете түсінеді. Сонымен қатар біздің лагері әртүрлі шеберлік сабақтары мен экскурсиялар ұйымдастырады. Лагері сыйымдылығы 10-15 адамнан құралады. Бірінші ауысымда тек 4 адам болды. Күнделікті екі тәрбиеші жұмыс жасайды. Балалар санына қарай біз де тәрбиешілер санын көбейтетін боламыз, — дейді «Профессор 4-6» білім беру орталығының жетекшісі Алуа Бармақұлова.

БАЛАНЫҢ ДА ПІКІРІ ЕСКЕРІЛУІ КЕРЕК

Шыны керек, кейбір ата-ана балаларын жарнамасы жер жаған лагерлерге бере салады. Бірақ ол лагердің қаншалықты қауіпсіз аймақта орналасуына, балаға қандай жақсы жағдай жасалғанына көп мән бере бермейді. Сол себептен болар көп ата-аналар қауымсыз лагерлердің сапасына шағымданады. Ал психологтар баланың лагерге баруға психологиялық дайындығы маңызды екенін алға тартады.

— Бұл жерде бірінші балалардың психологиялық, физикалық, моральдық

деңгейін қарау керек. Егер бала оқу жылынан кейін ештеңеге зауқы болмай, физиологиялық тұрғысынан өлсіз екенін біле тұра лагерге мәжбүрленуі керек. Бала лагері арқылы көпшілікпен араласалды. Егер бала интроверт, яғни ұятықпа болса, онда бұл лагердегі тәрбиешілердің біліктілігіне байланысты. Ата-аналар тарапы балаларын лагерге бермей тұрып, оның қауіпсіз аймақта орналасуына, тазалығына, берілетін тамақтарына да мән беруі керек, — дейді психолог Балабек Сақтағанов.

Балалардың жазғы демалысының жақсы өтуі ата-аналарға байланысты. Жыл сайын жазғы лагерлердің де түр-түрінің шығып, оларға ата-аналар тарапынан сұраныс артқан. Баланың қауіпсіздігіне қарап біршама лагер тандауға мүмкіндік бар.

— Менің қызым 1-сыныпты тәмамдады. Қызым сурет салғанды, би билегенді ұнатады. Осы қабілеттерін әрі қарай дамыту үшін қазір лагер іздестіріп жүрмін. Бұған қоса, спортпен айналысып, таза ауада демалыс уақытын тиімді өткізгенін қалаймыз. Қызымның жана ортаға сінісіп, осы бастан көпшілікпен тіл табыса алса екен дейміз. Сол себептен жазғы лагер бала үшін өте пайдалы. Жазғы уақытты құр үйде емес, дамыту, сауықтыру үшін лагерге жіберу керек, — дейді ата-ана Мөлдір Бекжанова.

Жазғы демалыс — оқушылардың оқу жылынан кейін бой жазып, еркін тыныстайтын сәті. Уақытын күнделікті үй тапсырмасын орындауға жұмсайтындардың кейбірінің бұғып жатқан таланты осындайда танылуы да мүмкін. Сондықтан баланың жазғы демалысын естен кетпестей әрі мағыналы етіп өткізу жауапкершілігі ата-ана мен лагері әкімшілігіне орта екенін ұмытпағанымыз жөн.

НИЕТ пен СҮЙІСПЕНШІЛІК МЕЙРАМЫ



Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын! Барлық мақтау Аллаға тән. Ардақты Пайғамбарымыз Мұхаммедке Алланың салауаты мен сәлемі болсын!

Қадірлі отандастар! Сіздерді мұсылман қауымының ұлық мейрамы – Құрбан айт мерекесімен шын жүректен құттықтаймын. Айт қабыл болсын! Баршаңызға мықты денсаулық, отбасыларыңызға амандық, жұмыстарыңызға береке тілеймін. Алла Тағала бәріміздің мерейімізді үстем етсін!

Құрбан айт – шынайы ниет пен Аллаға деген сүйіспеншілікті паш ететін мейрам. Ұлық мерекенің тәрбиелік мәні мен мағынасы тереңде жатыр. Қасиетті Құранда: «Ұмытпаңдар, олардың еті де, қаны да ешқашан Аллаға жетпейді. Оған жететін нәрсе – жүректеніңізге ұялаған тақуалықтарын (шынайы ниеттерін)» («Хаж» сүресі, 37-аят), – делінген. Аятта айтылғандай, Құдай жолында жақсылық жасауға ниеттенген пенде бұл амалды риясыз оймен орындайды.

Адам баласы құрбандық шалу арқылы Алланың берген ризық-несібесіне шүкір етеді. Құдайдың нәсіп еткен нығметтің бір бөлігін көмекке мұқтаж жандарға үлестіріп, олардың да ақысын беріп, қуанышка бөлейді. Өйткені Пайғамбарымыз Мұхаммед (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Парыз амалдан кейінгі Аллаға ұнамды іс – мұсылманның жүрегінде қуаныш сыйлау» деген.

Халқымыз «Бота алғашна бата ал» дейді. Үлкеннің, жалпы көмекке мұқтаж жандардың алғысын алып, батасына бөлену – айт кезінде орындалатын сауапты істің бірі. Мұсылман баласының ұлық күнде шынайы ниетпен құрбан шалып, оны мүгедектер мен жетімдерге,

көпбалалы отбасылар мен қарттарға таратып, алғысын алуға тырысатыны сондықтан.

Осы ретте еліміздегі барша кәсіпкер азаматтарды Құрбан айттың құрметіне мал құнын қолдан көтермей, халықтың әлеуметтік жағдайын ескеріп, онтайлы баға ұсынуға, жұртымыз күнде тұтынатын азық-түлікке мүмкіндігінше жеңілдік жасауға шақырамын. Құрбан айтты атап өтудің негізгі мақсаты – мұсылмандар арасында өзара мейірімділік, жомарттық, қайырымдылық, қанағат сынды адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру. Алланың рақым нұры төгілетін берекелі сәттерде халқымызға жақсылық жасап, көпшіліктің ризашылығына бөленейік.

Ардақты ағайын!

Алла қаласа, биыл елімізде құрбан шалу рәсімі офлайн және онлайн форматта өтеді. Діни басқарма елазаматтарына, әсіресе қала тұрғындарына қолдай жағдай жасау мақсатында құрбан шалу рәсімін қашықтан өткізуге арналған qurban2023.kz сайтына іске қосты. Барша мұсылман қауымын мұғтияттық «Рабың үшін құрбан шал» қайырымдылық акциясына үлес қосып, сауапты істерде белсенді болуға үлдеймін.

Бүгінде әлем мұсылмандары Мекке қаласында қажылық жасауда. Солардың қатарында парызын өтеп жүрген 4 мың отандасымыздың ниеті мен дұғасы қабыл болып, елімізге аман-есен оралуын тілеймін. Алла Тағала еліміз бен жерімізге берекесін жаудырып, шалған құрбандықтарымызды, берген садақаларымызды, айт күндері амалға асырған Аллаға ұнамды әрбір игі істерімізді қабыл етктей. Әмин!

**Наурызбай қажы ТАҒАНҰЛЫ,
Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы,
Бас мүфти**

ҮЙДЕ – АНАҢ, ТҮЗДЕ – МАМАН

Елордада «Мемлекеттік қызметтегі әйелдердің рөлі» атты дөңгелек үстел өтті. Әйелдердің мемлекеттік қызметтегі рөлі төңірегінде ортақ ой-пікір ортаға салынған жиынға жиналғандар елдегі гендерлік саясаттағы ахуалын әңгіме өзегіне айналдырды.

Жадыра МҮСІЛІМ

КОЛДАУ БОЛСА, ҚОЛЫНАН КӨП ШАРУА КЕЛЕДІ

Президент Әкімшілігі Басшысының орынбасары Аида Балаванның айтуынша, мемлекеттің маңызды міндетін атқаруда әйелдердің үлесі ұшан-теңіз. Олар уақытпен санаспай, жұмыстың жауапкершілігін сезіне алады.

«Біздің қызметтегі әрбір жетістігіміз бен жеңісіміздің артында отбасымыздың қолдауы жатқанын ұмытпағаны жөн. Қызметтік өсу әйелдер үшін зайырлы мемлекеттегі тұлғалық кәсіби интеллектуалдық болмысын ашып, ел игілігіне жаратуы мүмкін болса, отбасы оның адами табиғи болмысын бағамдап, ел үшін лайықты ұрпақ өсірудің тамаша тартуы болуы керек. Сол үшін қызметте жүрген әйелдерге тиісті жағдай жасап, қызметте де, үйде де бірдей құқығы қамтамасыз етілу маңызды. Екі-жақты қолдау болса, әйел алмайтын қамал жоқ», – дейді ол. Бұл – мемлекеттің маңызды міндеті.

Егемендіктің алғашқы жылдарында басшылық қызметтегі әйелдердің үлесі 10 пайыз болса, қазір орталық және жергілікті деңгейде басшы болып отырған әйелдердің саны 40 пайызды құрап отыр. Оның ішінде 3 министр, 28 Парламент және 138 мәслихат депутаты, 5 облыс және 74 аудан әкімдерінің орынбасары, 5 аудан әкімі, 4 елші және 1 генерал бар.

Бұл – біздің елдегі әйел адамдар үшін қызметтік баспалдақта өсуге берілген зор мүмкіндік бар екенін көрсеткіші. Топанға адал қызмет етіп жүрген әйелдердің отбасы қасында жеке өмірдегі құқығын реттеп, жағдай жасау қажетті қадам. Осы орайда бірнеше заңға түзету енгізіліп, тиісті бағдарламалар да қолданысқа енгізілгенін айтқан Аида Ғалымқызы: «Кез келген саяси реформаның рухани өзгеріссіз мәні мен маңызы болмайды. Жақында Президент ұлттың жана сапасын қалыптастыруда қазақстандықтарды тәрбиелеуде қажет құндылықтарымызды нығайтудың маңыздына тоқталды. Ұлттық құндылықтарды нығайтуға бағытталған бірқатар идеяны айтты. Осы жолда бірлік пен ортақ тірлікке ешқандай балама жоғын, бұл – ертеңіміздің бірден-бір кепілі екенін тағы еске салды. Ал ұлттық қасиет ұрпақтың бойына әкенің сөзімен, ананың сүтімен қалыптасатынын тилек еткен болатын. Үйімізде бейбітшілік болса, өмірімізде бақыт орнайды», – деді.

Қазақ ерқашан әйелді қалір тұтып, бағалаған. Қазір де мем-



лекетіміз бұл қағидаларды қолдайды және нақты жүзеге асырады. Заманның ағымына байланысты заңдық тетіктерімізді елдегі әйел мен ерлердің тең қызмет етуіне көңіл бөліп, тең мүмкіндікке қол жеткізуге күш жұмсалып отыр. Конституциялық Соттың судьясы Айжан Жатқанбаева осылай дейді. Оның айтуынша, қолданыстағы заңдарымызда әйелдердің қызметтік кедергілерге жол берілмеуіне, әсіресе жыныстық кемсітушілік болмауына басты назар аударылады. Конституцияның өзінде жыныстық кемсітушілікке жол жоқ, әрбір адамның тең мүмкіндігі нақты көрсетілген.

КАЙНАУЫ КЕМІШІН КОДЕКС

Басты заңнан бастау алатын елдегі Еңбек кодекsinдегі көзделген ережелерді іс жүзінде қолданды өз кінәындығы бар. Сондықтан бұл тақырып біздің қоғам үшін өте өзекті болып отыр. Мемлекеттік қызмет істері агенттігі жанындағы қоғамдық кеңестің төрағасы Бибігүл Нұрашеваның сөзінше, бүгінде мемлекеттік қызметтегі әйелдердің үлесі 55 пайызды құрайды. Олардың барлығы қоғамдағы ана, әйел ретіндегі ғана емес, еңбекке деген қабілеттерін жүзеге асырып, мемлекет алдындағы міндетін де қатар атқарып жүр. «Еңбек заңнамасына жыл сайын өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп жатыр. Себебі әйелдің мемлекеттік міндетін ғана емес, отбасындағы функциясын жүзеге асыру үшін заңдық құқығы реттеліп, олардың дұрыс орындалуын бақылап, осы нормаларды жүзеге асыру, әйелдердің құқықтық білімін арттырып отыру да маңызды», – дейді ол.

Мемлекеттік қызмет істері агенттігіндегі әйелдердің игілігі үшін қолдау тауып жатқан заңдағы өзгерістер көп екенін айтқан кеңес төрағасы: «Сонғы уақытта «Мемлекеттік қызмет туралы» заңға көптеген жақсы түзету енгізіліп жатыр. Биылдан бастап агенттік мемлекеттік қызметке іріктеу рәсімдерін толықтай сандық жүйеге ауыстырды. Сәйкесінше, заңдарға түзетулер енгізілді. Ендігі жерде әйелдер еңбек қатынасына түскен кезде кемсітушілікке жол берілмейді. Өйткені бұрынғыдай басшылардың айтқан сөзі мен бұй-

рығы ғана емес, кәсіби білім арқылы қажетті балдарды жинап өзін басшылық қызметке ұсынуға мүмкіндік бар. Екіншіден, икемді жұмыс заңға енгізілді. Бұл бойынша агенттік арнайы ереже қабылдады. Әйел адам тиісті өтініш беру арқылы икемді графикке шығуына болады. Яғни, отбасылық жағдайына, не болмаса аналық міндеттеріне байланысты қажеттілік туындаған жағдайда тиісті өтініш беру арқылы икемді графикке көшуге мүмкіндік бар. Үшіншіден, қашықтан жұмыс істеу қарастырылды. Оның толық және аралас екі түрі заңдастырылды. Кодекстің негізінде «Мемлекеттік қызмет туралы» заңға да тиісті өзгеріс енгізілді. Бұл жерде жұмыстағы әйелдер кодексте көрсетілгендей, толықтай қашықта, не болмаса 4 күн онлайн, бір күн офлайнда істейтін икемді кестені таңдауға құқығы бар», – деп отыр.

Бұл мемлекеттік қызметтегі әйелдерге ғана емес, жалпы елдегі жұмыс істейтін әйелдердің еңбек қатынасындағы құқығын қорғауға бағытталған. Бірақ кодексте көрсетілген бұл мүмкіндікті барлық әйел қолдана алмайды. Себебі заңда жұмыс берушіге әйелдің құқығын қорғауға міндеттелетін норма жоқ. Яғни, жұмыс беруші мен жұмысшы арасындағы екі-жақты келісім ғана әйелдердің бұл мүмкіндікті алуына рұқсат ете алады. Сол себептен әйелдердің еңбек қатынасындағы кемсітушілік осы жерден басталады. Өкінішке қарай, көптеген жұмыс беруші әйелдерге қарағанда ер адамдарды жұмысқа алуға мүдделі. Әйел адам ертең бала тууына байланысты еңбек демалысына шығады, болмаса баласы ауырып қалса еңбекке жарамсыздық парағын алуына тура келеді. Осылайша, жұмыс берушілер әйелдерді жұмысқа қабылдаудан бас тартып жатады. Осылай деген Бибігүл Шәкербайқызы: «Сондықтан біз де болса еңбек заңнамаларымызға өзгеріс пен толықтыру енгізу қажет деп есептеймін. Шындығы сол, жоғары лауазымды мансаптық өсуде де көбінесе ер адамдардың жолы болып жатады. Осындай кемшіліктерді талқылап, біз де өз тарапымыздан жыл сайын заңнамаға тиісті түзетулер мен өзгерістерді қабылдауға мүдделіміз. Меніңше, білімді әрі тәжірибелі

әйелдердің кәсіби мүмкіндігін іс жүзінде пайдалану кемшін. Бірақ заң нормаларын қатайтып, әйелдердің мүддесін көтере беруге болмайды. Бұл әйелдердің өзіне кері әсерін тигізеді. Мысалы, біз заңнамада әйелдердің мүддесін қорғаған сайын жұмыс берушілер түрлі қысыммен кемсітушілікті жалғастыра береді», – дейді.

ЖҰМЫС БЕРУШІНІҢ ӨЗ ЕРКІ

Әйелдердің аналық қызметі мен мемлекеттік міндетіндегі біліктілігін көрсету үшін жасалып отырған мүмкіндік жоқ емес. Айталық, ротацияны қолдануда көпбалалы немесе жалғызбасты әйелдердің мүддесі бірінші кезекте қорғалады. Бұл да болса балалы әйелдерді қолдауға бағытталған.

Кеңес мүшесінің көтеріп отырған тағы бір мәселесі, Еңбек кодекsinдегі балалары әйелдерге берілетін қосымша уақыттан әйелдердің әлі күнге хабары аз. «Қызметтегі балалы әйелге жұмыс беруші тарапынан қосымша уақыт беріледі. Егер бір баласы болса, кем дегенде 30 минут, екі баладан көп болса, кем дегенде 1,5 сағат қосымша уақыт қарастырылады. Өкінішке қарай, бұл норма да заңнамада қарастырылғанымен, іс жүзінде қолдануға келгенде жұмыс берушілер тарапынан толық пайдалануға мүмкіндік қарастырылмаған. Жұмыс берушінің өз еркі, қайдан құлақ шығарса. Оның үстіне, көптеген дамыған елдегідей, біздегі жұмыс орындарында ана мен бала бөлмесі қарастырылмаған. Бұл елдерде финалыс үстінде де ана ретіндегі функциясын атқару үшін әйел адам қызметін тоқтатып, отбасылық міндетін атқаруға толық мүмкіндік беріледі. Бізге де қазір осындай ана мен бала бөлмесін қарастырып, әйелдердің қызмет пен отбасындағы міндетін толықтай пайдалануға жағдай жасау маңызды», – дейді Бибігүл Нұрашева.

Әлеуметтік зерттеулердің нәтижесі елдегі әйелдердің көбінде екі немесе одан да көп дипломы бар кәсіби білікті мамандар екенін растап береді. Әйткенмен, еңбек нарығындағы әйелдердің құқығын қорғау маңызды. Себебі жұмыс берушілердің суранысы негізінен ерлерге түседі. Осыдан кейін әйелдердің дені кәсіби біліктілігін жалғастырудан бас тартып, өмірін отбасы, бала-шаға, басқа да түйткілі мәселелерге арнайды. Бұл өз кезегінде көптеген отбасының әлеуметтік жағдайына ғана емес, психологиялық себеп-салдарға әкеліп жататыны бар. Өкінішке қарай, отбасындағы зорлық-зомбылықтың тұтануына алып келуі мүмкін фактор екенін мойындауға тура келеді.

«Әйелдің орны ошақтың басында, еректей орны ат қасында» деген түсінік нарықтың қағидаларына жүрмесе керек. Сондықтан мемлекетіміз де отбасындағы әлеуметтік және тәрбиелік түйткілдердің түйінін тарқату үшін қызметін отбасылық парызмен ұштастыра білетін әйелдерге мүмкіндік беруге мүдделі.

ҰЛТТЫ ҰЙЫСТЫРАТЫН ҚҰНДЫЛЫҚТАР

Отбасы – қоғамның шағын моделі. Мұндағы тәрбие мықты болса, мемлекет те мықты болмақ. Өйтсе де, бүгінде жаһандану заманында ұрпақ тәрбиесіне ықпал етуші факторлар көп болып тұр. Бұл отбасылық құндылықтарды сақтау күннен күнге маңызды ете түседі.

Нұрлан ҚОСАЙ

Мамандар отбасылық құндылықтарды үш топқа бөліп қарастыруға болатынын айтады. Олар – дәстүрлі, заманауи және тәрбиелік құндылықтар. Десе де, бұларды бір-бірінен бөле-жаруға болмайды. Дәстүрлі отбасылық құндылықтар дегеніміз атадан келе жатқан салт-дәстүрлер, қария адамдардың ақылымен, жол көрсетуімен жүзеге асып жататын игі шаралар. Ал заманауи құндылықтарға уақыт ағынына сай өзгеріп немесе жаңадан пайда болып отыратын түрлі жаңаша өмір салты жатады. Мәселен, жоғары білім алу, онда да халықаралық дәрежеде білім алу, бүгінде отбасы құндылығы болып берік орнықты. Сол сияқты өркениеттің барлық игілігіне кенелу де заманауи құндылыққа жатады. Технологиялық өзгерістер мен жетістіктер

адам өмірінің ажырамас бөлшегіне айналған уақытта материалдық әлуауат рухани құндылықтармен қатар бағаланады. Осы ретте тәрбиелік құндылық осылардың бәрінің өзегі боп қала бермек. Өйткені қоғам өзгеріп, либералды ұстанымдар мен діни көзқарас күшейе түскен сайын олардың отбасы құндылығын әлсіретуге ықпалы да артып келеді. Тағы бір алаңдатарлық жайт – жас отбасылардың ажырасу статистикасының өсіп келе жатқаны. Мәселен, елімізде жылына орта есеппен 140 мың отбасы шаңырақ көтерсе, оның 50 мыңы ажырасып кетеді екен. Яғни ажырасу үлесі 34,4 пайызды құрап отыр. Осы тұста, отбасы институтын нығайта түсу қажеттігі айтылса да түсінікті. Ұлттық статистика бюросының дерегінше, былтырдың өзінде 44,5 мың отбасының шаңырағы шайқалған. Десе де, бұл алдыңғы 2021 жылмен салыстырғанда 7,7 пайызға аз. Сондай-ақ ауылдық жерлерден гөрі қалаларда ажырасу деректері үш есе артық болып келеді. Мәселен, былтыр 33,2 мың ажырасу қалада, 11,3 мың ажырасу ауылда тіркеліпті.

«Осыдан бірнеше ондаған жыл бұрын некелесу және бала сүю ерлер мен әйелдерді қоғамның толыққанды мүшесі ретінде танудың маңызды



шарттарының бірі болатын. Ата-ана, әсіресе дәстүрлі құндылықтарға жақын отбасыларда, тұрмысқа шықпаған немесе ажырасқан қызын туыстары мен таныстарының алдында ұятқа қалдыратын себеп ретінде қабылдайтын. Некені бұзу үшін өте дәлелді себептер қажет еді. Көбіне әйелдерде ата-анасы мен қоғамның алдында «ұят» деген ұғым басым болды. Сондай-ақ ер адамға айтарлықтай экономикалық тәуелділік болды. Соның себебінен ажырасу аз, тіпті сирек болатын. Енді құндылықтардың өзгеруі елімізде

ажырасудың көбеюіне бір себеп болып отыр. Бұл жерде себептерді кешенді тұрғыда қарастыру қажет, соның ішінде әйелдердің экономикалық эмансипациясы да бар. Отбасының бұзылуында жас отбасылардың экономикалық мәселесі үлкен рөл атқарады. Нәтижесінде, өз баспанасын болмауы және күйеуінің немесе әйелінің ата-анасымен бірге тұруы өз кезегінде туыстардың араласуымен байланысты мәселелердің тұтас тізбегін тудырады. «Қазақстандық отбасылар» ұлттық баннамасында осы «туыс-

тарының отбасы өміріне араласуы» тармағы б1 пайызы екені айтылады. Одан кейінгі орында ең көп даусы жинаған тармақ – «мінез-құлықта моральдық шектеулердің болмауы, жүгенсіздік» 41 пайызды, «отбасы институтының дағдарысы» 35,9 пайызды жинады. Бұл тұста біздің еліміздегі бір парадоксқа назар аудартқым келеді. Отбасы – қазақстандықтар үшін жұмыстан да, достардан да, тіпті дін мен бос уақыттан да ең жоғары құндылық. Бірақ елдегі ажырасулардың үлесі жоғары. Қазақстандықтар арасында отбасы мен оның құндылықтарының жоғары бағалануы күшті консервативті және патерналистік көңіл күйді көрсетсе, ажырасулардың көбеюі олардың біртіндеп әлсірегенін аңғартады», – дейді әлеуметтанушы Жұлдызай Ысқақова.

Отбасылық құндылықтардың өзгеруі – мемлекеттің ұдайы назарында болатын объективті және көп қырлы процесс. Ол көп жағдайда елдегі әлеуметтік-экономикалық, саяси және құқықтық даму деңгейіне байланысты. Еркіндік деңгейі жоғары болған сайын қоғамдағы толеранттылық деңгейі де жоғары болады. Өз кезегінде толеранттық отбасылық құндылықтардың қазақстандық үлгісіне өзгерістер әкес-

луге септік етіп отыр. Бұл тұста жаһандану үрдісінің де әсерін ұмытпау керек. Технологиялық дамумен бірге адымдап жүріп келе жатқан бұл үрдіс қазақстандықтардың қалыптасқан отбасылық өміріне теріс әсер етуде. Осы ретте діни көзқарастың күшеюі және оның озық технологияларды оңтайлы пайдалануы қазақ қоғамына шариятқа негізделген шығыс өмір салтын тықпалап келеді. Мұнда көп әйел алушылық, әйел баласына екінің «сортты» деген көзқарасын қарау, «бауырластар» арасында «талақ» айтылған бір әйелдің бірнеше рет некеле болуы, жыныстық жауапкершіліктің төмендігі – дәстүрлі отбасылық құндылықтарға қайшы өмір салты екенін атай кеткен жөн.

Осы реттен алғанда, отбасылық құндылықты дәріптеу мәселесі өткір тұр. Сондықтан да алдымызда тұрған үлкен мақсат – ұлттық мұра құндылықтарын қазіргі таңның мәдени жетістіктерімен үйлестіру. Өйткені халықты мемлекеттің отбасыларға деген материалдық-ресурстық қолдау деңгейі ғана емес, құндылық жағы да толғандырып отыр. Ендеше отбасы – шағын мемлекет десек, шын мемлекеттің мықты бола түсуі ондағы дәстүрлі құндылықтармен тығыз байланысты.

Отандық баспа нарығының ғасырға жуық тарихы бар. Алайда еліміздегі кітап сөрелеріндегі басылымдардың басым көпшілігін шетелдік өнімдер құрайды. Тек соңғы жылдары ғана қазақ тіліндегі кітаптар саны артып келеді. Әлемдік әдебиеттің ең үздік үлгілерін аударып, басумен айналысатындардың басым бөлігі тәуелсіз баспагерлер. Жалпы, баспа нарығына қандай реформалар қажет?

Көктем ҚАРҚЫН

Жақында Түркістан төрінде өткен алқалы жиында баяндама жасаған Ұлттық құрылтай мүшесі Жұлдыз Сүлейменова еліміздегі кітап нарығын реттеуді ұсынды. Мәжіліс депутатының айтуынша, тәуелсіз баспагерлер өздерінің басып шығарған кітаптарын қалада ғана болмаса, ауылды жерде өткізе алмайды. Себебі сатылмып нүктелері заман бекітілмеген. Соның салдарынан ауыл балаларының шетел жазушыларының озық шығармаларымен танысып, сусындап өсуіне мүмкіндіктері жоқ. Сондықтан Ұлттық құрылтай мүшесі тәуелсіз баспагерлерге субсидия беруді заман бекіту қажет екенін айтты.

— Мемлекет басшысы соңғы 3 жылда қала мен ауыл мектептеріндегі білім сапасының алшақтығын азайтуға байланысты міндет қойды. Сол міндетті орындауда осы кітап нарығын реттеу, әлемдегі ең үздік балалар әдебиетін ауылдарға дейін жеткізу. Ауыл баласына қолжетімді етуде біз тәуелсіз баспагерлерге субсидия бөлу, оларға жеңілдетілген несиелер қарастыру және салыққа жеңілдік қарастыру қажет деп ойлаймыз. Үкіметпен бұл мәселені аяғына дейін жүзеге асыруға әзірміз, — деді Парламент Мәжілісінің депутаты Жұлдыз Сүлейменова.

Бүгінде қазақстандық баспалар мен баспаханалардың көпшілігі Астана мен Алматы қалаларында орналасқан. Кітап палатасында тіркелген мыңнан астам баспаның барлығы бірдей кітап шығарумен айналыспайды. Отандық нарықта санаулы баспалардың ғана өнімдері сұранысқа ие. Ал кітап нарығының 90 пайызға жуығын шетелде шыққан өнімдер құрайды.

— Идеология жұмысындағы басты бағыттың бірі — кітап басып шығару ісі. Қазақстан нарығында шетел өнімдері басым екені жасырын емес. Әдеби кітаптардың 90 пайызға жуығы сырттан келеді. Бұл үрдістің салдары қандай болатыны айтпаққа да түсінікті. Ұлттық мүддеге сай келетін кітаптарды көптеп басып шығару өте маңызды, — деп атап өтті Ұлттық құрылтайда Мемлекет басшысы.

БАСПА НАРЫҒЫНЫҢ БАҒЫТЫ ҚАНДАЙ?

АУЫЛ-АЙМАҚТА КІТАП ДҮКЕНДЕРІ ЖОҚ

Еліміздегі баспа нарығының дамуына саладағы бәселестіктің аздығы да себеп болып отыр. Себебі әлі күнге дейін көптеген ірі баспа тек мемлекеттік тапсырыспен күн көреді. Дизайны бірдей, аудитория сұранысын зерттемей басылған кітаптар шалғайдағы кітапханалардың сөресінде шаң басқан күйі тұрады.

— Ең бірінші, қоғамда жас ұрпақтың кітап оқу мәдениетін қайта қалыптастыруымыз қажет. Өйткені балалар кітап оқымай кетті. Мектептерге барсаңыз да іліп алар кітап жоқ. Кітап сататын дүкендерде 90 пайыз кітап орысша. Басқа елдің баспалары біздің нарықты иемденіп алған. Сондықтан баспа нарығына бірінші талап керек. Ең болмаса сатылатын кітаптардың 50 пайызы қазақ тілінде болса. Сосын отандық кітаптарды салықтан босату қажет. Ешкімнен көмек сұрамай шамасына қарай кітап шығарып жүрген баспагерлерге жеңілдетілген несиелер қажет. Шығарып жатқан кітаптарымызды кітапханалар сатып алса. Әлі көптеген кітапханалар біздің кітаптарды ала алмай отыр. Себебі ол жердегі жүйе түсініксіз. Бәрі бізден тегін кітап сұрайды. Бірақ біз бәрине бірдей тегін кітап таратып отыра алмаймыз. Сондықтан оқырмандардың қалауына қарай әр кітапхана өз еркімен кітап сатып алса, — дейді Sterpe and World баспа үйінің басшысы Раиса Қалдыр.

Баспагердің пікірінше, көп адамдар баспа тек мемлекеттің тапсырысымен күн көреді деп ойлайды. Бірақ Sterpe and World баспа үйі мемлекеттік тапсырыспен жұмыс істемеген.

— Мемлекет кітап шығаруға шығармашылық еркіндік берсе. Ауыл-аймақтағы, ірі қалалардағы кітапханалар өз тандауларымен қалаған баспаларынан кітап сатып алуға қажет. Құжат бойынша өтірік кітап сатып алатындар өте көп. Ол кітаптардың кітапханада бар-жоғын да ешкім білмейді. Ешкім мониторинг жасап жатқан жоқ. Сондықтан баспаны қолдаудың тағы бір жолы кітапханадағы кітап сатып алу жүйесін реттеу, — дейді Раиса Қалдыр.

Бес жылдан бері жұмыс істеп келе жатқан «Мұқаба» баспасы мен үш жылдан бері оқырманның сұранысына ие болған «Қасым» баспа үйі де бірде-бір рет мемлекеттен тапсырыс алмапты. Соған



қарамастан баспаның шығаратын әрбір кітабы оқырмандардың ыстық ықыласына бөленіп үлгерген. «Мұқаба» баспасының директоры Арман Әлменбеттің айтуынша, осыдан бес жыл бұрын ірі кітап дүкендерінде қазақша кітаптар жоқтың қасы еді. Қазір көбейіп келе жатыр.

— Кітап басу ісіне ешқандай кедергі жоқ. Тек оқырмандардың аздығы мен халықтың басым бөлігінің қазақша кітап оқымайтыны ғана кедергі. Сонымен қатар аз оқырман еліміздің әртүрлі территориясында орналасқан. Сол жағынан оларға санаулы кітапты жеткізу қиынға соғады, — дейді Арман Әлменбет.

Шыны керек, шалғайдағы аудандарда әлі күнге дейін кітап дүкендері жоқ. Қарапайым халық шетелдік шығармалардың қазақша аударылғанын естісе де, қолы жетпей қиналып отыр. Себебі мұндай кітаптар аудандық кітапханаларға жетпейді. Осы мәселені шешу үшін облыс, аудан әкімдеріне кітап сататын дүкендер желісін дамытуға арнайы тапсырма беріліп, электронды, аудио кітаптар нарығына да көңіл бөлінуі қажет. Айталық, жақында Талдықорған қаласында кітап дүңгіршектері пайда болып, оқырманның тағы бір сұранысы орындалды.

ШИКІЗАТ ШЕТТЕН КЕЛЕДІ

Бүгінде қазақстандық баспагерлер үшін шикізат мәселесі өзекті болып отыр. Себебі қағаз негізінен Ресей мен Қытайдан тасымалданатындықтан, баспаханашығындары, кітап бағасы қымбаттай түседі. Арман Әлменбеттің пікірінше, соңғы уақытта баспаханашығыны үш есеге дейін өскен. Мұның сыртында логистикалық, кедендік шығындар бар. Ал бұған дейін ең сапалы қағаздар Ресей арқылы Финляндиядан да жеткізілетін. Қазіргі геосаяси жағдайларға байланысты баспагерлер амалсыз ресейлік өнімдерді тұтынуға мәжбүр. Сапасы жағынан бұл өнімдер Финляндиядан тасымалданатын қағаздан әлдеқайда төмен.

— Соңғы бес жылдың ішінде қағаз, сия сияқты шикізат үш есе қымбаттады. Бұған инфляция да әсер етті. Кітапты шығару шығындары артты. Ол қымбаттады екен деп кітаптың бағасын қымбаттатсақ, оқырмандар кітап алмай қояды. Шикізаттың барлығы Қытайдан, Ресейден, Финляндиядан келеді. Бірақ Финляндия қағаздарын Ресейге беруден бастартты. Сол себепті қазіргі кітаптар тек Қытай мен Ресейдің қағаздарынан шығарылып

жатыр, — дейді «Мұқаба» баспасының директоры.

Шикізаттың шеттен келетінін Раиса Қалдыр да растады. Оның айтуынша, пандемия кезінде де мұндай жағдай кайталаншыты.

— Біз баспа үйі болғандықтан бізде баспахана жоқ. Көбі баспа үйін баспаханамен шатастырады. Баспаханасы бар, толық жасакталған баспа үйіне айналу үшін үлкен қаражат керек. Жалпы, пандемия кезінде геосаяси қақтығыстар тұсында баспаханалар шикізаттан қиналып қалды. Қағаз тапшылығы пайда болды. Қазақстанда ғана емес, дүниежүзінде де осындай проблема орын алды. Шетелдегі серіктестеріміз де қағаздың қатты қымбаттап кеткенін айтты. Тек Бразилияда ғана қағаз қымбаттаған жоқ, — дейді Sterpe and World баспа үйінің басшысы.

Оның пікірінше, әрбір баспа үйі өндірістік процеспен айналысады. Авторлармен жұмыс, аударма, редактур, корректура, беттеу, кітап етіп басып шығару деген сияқты тоқтаусыз қызметтер атқарады. Осы жұмыстың ең маңызды бөлігі — кітапты сату. Кітапты сату үшін баспаға жарнама керек. — Біз тек қана тауар емес, рухани дүңділіктерді жеткізушіміз. Ірі кітап дүкендері қалыптасып қалған қоғамдағы стереотип бойынша оқырмандарды тек орыс тілінде кітап оқиды деп санайды. Бұл — қате ұғым. Біз осы стереотипті бұзып келеміз. Тікелей ағылшын тілінен, француз, неміс тілінен қазақшаға аударамыз. Сол кезде шығарманың мазмұны мен мағынасы оқырманға анық жетеді, — дейді Раиса Қалдыр.

Ал баспагер Арман Әлменбет мемлекет кітап шығарып беруге емес, сатылған кітаптарға қолдау көрсетсе дейді.

— Үкіметтің «мемлекеттік маңызы бар кітаптарды басу» деген бағдарламасы бар. Бұл бағдарлама сатылмайтын, маңызы бар кітаптарға арналуы керек. Ал сатылатын кітаптарға қолдау көрсету үшін әрбір сатылған кітапқа субсидия берсе. Мысалы, дүкендер кітаптарды сатып, түскен табысты түгел баспаға аударса, өздері пайда таппай қалады. Сондықтан кітап дүкендеріне түсетін пайданы мемлекет берсе. Мәселен, дүкен бізден кітапты 2 600 теңге аласа, үстіне 1 400 теңге қосып сатады. Сондықтан дүкен 4 мың теңгені түгел баспаға берсе. Ал дүкенге 1 400 теңгені мемлекет төлесе, — дейді «Мұқаба» баспасының директоры.

Иә, кітап — идеологиялық қару. Ендеше рухани кемелденген орта қалыптастырудың басты жолы — баспа нарығын реформалау. Ол үшін нарыққа арнайы бағдарлама енгізіп, шағын баспа үйлеріне қолдау көрсетсек абзал.


Редакциялық эксперимент

Жуырда британиялық The Guardian газетінің хабарлауынша, Германиядағы Bild таблоидын шығаратын Axel Springer компаниясы менеджер, сайт редакторы, корректор, хатшы және фоторедактордан тұратын 200 шақты маманды жұмыстан шығарып, олардың орнын жасанды интеллектімен алмастыру туралы шешім қабылдаған. Ұйымның бас директоры Матиас Дёпфнернің сөзінше, ChatGPT секілді жасанды интеллект құралдары тәуелсіз журналистиканы бұрын-соңды болмаған сапалы деңгейге жеткізе алады екен. Дәл қазір ChatGPT-дің бұған қабілеті қаншалықты жететінін білмек болып, біз оған бірнеше сұрақ қойып көрдік.

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ

Сауалдарымызға барынша толыққанды жауап алу үшін сұхбатымызды ChatGPT-дің «ана тілі» — ағылшынша жүргіздік. «Сен журналистерді қаншалықты алмастыра аласың?» деген сұрағымызға жасанды интеллект жап-жақсы ой айтты: «Жасанды интеллекттің тілдік моделі ретінде ақпарат беру, жазбаша контент жасау немесе зерттеуге көмектесу сияқты кейбір журналистік істерде қол ұшын бере аламын. Алайда мені журналистерді алмастыратын емес, қайта олардың мүмкіндігін арттыратын құрал ретінде қарастыратын дұрыс.

— Журналистикаға сыни ойлау, зерттеу жүргізу машығы, этикалық шешім қабылдау, сондай-ақ адами тұрғыдан пайымдау секілді құнды дүниелер керек. Бұлар мен тәрізді жасанды интеллект модельдерінде жоқ. Жасанды интеллект кейбір қайталанатын істерді автоматтандырып, процесстерді оптимизациялауға алғанымен, журналистерде өзіне тән көзқарас, интуиция және контекстік түсінік бар. Олар сұхбат жүргізу, қарым-қатынас құру және күрделі этикалық және құқықтық пайымдар жасау қабілетіне ие, ал оны жасанды интеллект модельдері қайталай алмайды», — делінген ChatGPT жауабында.



Журналист ЖИ-ге есе жібермейді

Ал оны біздер, яғни журналистер өз жұмысымызда дәлірек қандай бағыттарда пайдалана аламыз? Бұл сұрағымызға жауапты ChatGPT жіктеп тұрып ұсынды: «Мен секілді жасанды интеллекттің тілдік модельдері журналистерге бірнеше жолмен көмектесе алады:

Зерттеу: Мен әртүрлі дереккөзден ақпаратты тез жинай аламын, бұл журналистерге уақыт үнемдеуге және өз материалдарына сәйкес ақпаратқа қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Фактчек: Журналистер жасанды интеллект модельдерін фактілерді верификация жасауға, аргументке қарама-қарсы ақпарат табуға және потенциалды жалған ақпаратты анықтауға пайдалана алады.

Контент жасау: Жасанды интеллект материалдың нобайын жасауға тақырып қоюға көмектесіп, мақалаға балама ракурстар ұсына алады.

Тіл жағынан көмек: ЖИ модельдері бірнеше тілдегі контентпен жұмыс істейтін журналистерге мәтінді аударуға көмектесе алады.

Деректерді талдау: ЖИ үлкен деректерді өңдеуге және талдауға, паттерндерді, трендтерді немесе корреляцияларды анықтауға қол ұшын бере алады.

Аудиториямен байланыс: Ол аудиторияның бейімділігі, ыңғайы, қандай тақырыптарды немесе форматты көбірек ұнататыны жайлы ақпаратты ұсына алады».

Жақын болашақта журналистикада пайда болатын трендтер жайлы сұрағымызға ChatGPT-дің берген жауабы мынадай:

«Дата журналистика: Үлкен деректердің қолжетімділігі артып, дата-талдау техникалары күрделенген сайын дата журналистика дами түседі. Журналистер дата визуализацияны, статистикалық талдауды, сондай-ақ интерактивті құралдарды қолданатын болады.

Жасанды интеллект араласқан журналистика: ЖИ технологиялары журналистік жұмыс процесіне еніп, зерттеу жүргізуге, фактілерді тексеруге, контент жасауға көмектесетін болады.

Коллаборативті журналистика: Журналистердің бір-бірімен және алуан сала

эксперттерімен коллаборациясы артып келеді. Коллаборативті қарым-қатынас, трансшекаралық зерттеулер және краудсорсингтік платформалар журналистерге ресурстарды біріктіруге, тәжірибе алмасуға және жаһандық проблемаларды бірігіп шешуге көмектеседі.

Иммерсивті сторителлинг: виртуалды шындық (VR), толықтырылған шындық (AR) және басқа да иммерсивті технологиялар хикаяларды баяндаудың жаңа мүмкіндіктерін ұсынады. Журналистер оқырманды хикаяның қаншалықты ортасына апаратындай иммерсивті тәжірибелер жасай алады».

ChatGPT ұсына алатын ақпараттың өзін материалға тандап-талғамай, тексермей пайдалана беру қауіпті. Мұны ЖИ-нің өзі де «мойындалды»:

«Мен дәл және қажетті ақпаратты ұсынууды көздегеніммен, ЖИ тілдік модулі ретінде өзім үйретілген мәтіндердегі ақпаратқа негізделген жауаптарды ғана беремін. Мен дәл қазіргі уақыттағы ақпаратқа қол жеткізе алмаймын немесе менде фактілерді тәуелсіз түрде верификация жасау қабілеті жоқ, сондықтан мен ұсынған ақпарат әрқашан жана немесе дұрыс болмауы мүмкін».

Бұл жауабынан соң, оның «білімі» қашан жаңартылғанын білгіміз келді. Өзінің жазуынша, ол 2021 жылғы қыркүйекке дейінгі ақпараттан ғана хабардар:

«Менің мақсатым — қолданыста бар біліміме сүйене отырып жалпы ақпарат беру. Бірақ мен интернетке немесе дәл қазіргі уақыттағы деректерге тікелей қол жеткізе алмаймын. Мұндай шешім құпиялылықты, қауіпсіздікті және ұсынылған ақпараттың тұтастығын сақтау үшін таңдалған. Бұрыннан қолданыстағы ақпаратқа ғана сүйену арқылы дәл қазіргі уақыт режиміндегі ақпаратқа бар потенциалды бұрмалаушылықтар мен оқшылықтардан аулақ болуға болады. Сонымен қатар бұл амал модельді интернеттегі жалған ақпаратты қасакана насихаттау мен таратудан сақтайды».

Журналистердің ең негізгі қаруы — ақпараттың жаңалығы екенін ескерсек, демек әзірге журналистердің ChatGPT-ден көрер пайдасы көп деуге келмейді. Сондай-ақ интернеттегі қазақтілді контенттің тың аздығы және олардың сапасының төмендігі кесірінен әсіресе қазақтілді медиа мамандарының ЖИ тілдік моделімен қоян-қолтық жұмыс істеп кете қоюы неғайбыл.

ЕЛ ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ ЛОКОМОТИВІ

Ел экономикасының локомотиві атанған Атырау облысы инвестиция көздерін тарту жағынан республика бойынша бірінші орында тұр. Жыл басынан бері Атырау облысына тартылған инвестициялар көлемі 61,1 трлн теңгеге жеткен. Жалпы, елімізге тартылған инвестицияның 22,5 пайызы Атырау облысына тиесілі. Бұл туралы Атырау облысының әкімі Серік Шәпкенов Президент жанындағы Орталық коммуникациялар қызметінде өткізген баспасөз мәслихатында мәлімдеді.

Әлемдік инвесторлар үлкен қызығушылық танытатын Атырау облысында бүгінде ірі жобалар жүзеге асырылып жатыр. Осыған орай бүгінгі материалымызда Атырау облысының әкімі Серік Шәпкенов тоқталған негізгі мәселелерге шолу жасағанды жөн көрдік.

ӨМІР СУРУ САПАСЫ АРТАДЫ

Қазір Атырауда бірнеше инвестициялық жоба жүзеге асып жатыр. Былтыр «Индустриялық-инновациялық даму бағдарламасы» және «Кәсіпкерлікті қолдау картасы» шеңберінде жалпы сомасы 815,2 млрд теңге болатын үш жоба іске қосылды. Осылайша, 748 адам жұмыспен қамтылды.

Кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі Ұлттық жоба аясында биыл бюджеттен 9,4 млрд теңге қаражат бөлінді. Қазір сомасы 20,9 млрд теңге болатын 208 жоба қолдау тапты.

— Бірыңғай индустриаландыру картасы аясында жыл аяғына дейін жалпы сомасы 14,9 млрд теңге болатын 3 жоба іске қосылды. Нәтижесінде, 207 жұмыс орны ашылды. Солардың бірі — құны 9,9 млрд теңгені құрайтын құс фабрикасы. Фабрикада құс етінен жартылай фабрикаттар дайындалатын болады. Кәсіпорын қуаты жылына 5 мың тоннаға дейін өнім өндіреді, — деді облыс әкімі Серік Шәпкенов.

Бүгінде Атырау облысында 2 қала және 132 ауылдық елді мекен таза ауызсумен қамтылған. Бұл тұрғындардың 99,7 пайызы таза ауызсу мен газға қол жеткізді деген сөз.

Қазір облыстың 8 ауылдық елді мекенінде, яғни Қызылқоға ауданының Қоғам,

Қоныстану, Қоныраулы, Аққора, Сарқұмақ, Былқылдақты, Сорқол, Кенбай ауылдарында су құбырының құрылысы мен суды тазартудың кешенді блок-модульдерін орнату басталды. Бұл жұмыстар жыл соңына дейін аяқталды деп күтіледі. Сондай-ақ қосымша 6 ауылды сумен қамтамасыз ету үшін тиісті құжаттар әзірленіп жатыр. Олардың құрылыс жұмыстары 2024 жылы басталады.

Облыстың Кешенді жоспары және «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жоба аясында 2023 жылға дейін облыс бойынша 30-ға жуық заманауи жана типтік жобадарға медициналық нысандар салынады. Атырау облысының әкімі Серік Шәпкеновтің айтуынша, қазір 5 медициналық пункт салынып жатыр.

Денсаулық сақтау нысандары қазір Жылыой ауданының Қарағай, Қызылқоға ауданының Айдын, Махамбет ауданының Аққайың, Еңбекшіл, Көздіқара ауылдарында тұрғызылуда.

— Үш қосалқы стансасы бар жедел жәрдем стансасының құрылысын бастау жоспарлануда. Осы жылы ауылдық жерлерде тағы 5 нысанның құрылысы басталады, — деді облыс әкімі Серік Шәпкенов.

«Тенішевройл» ЖШС қаражаты есебінен Құлсары қаласында 75 орындық орталық аудандық аурухананың, НККК компаниясының көмегімен Атырау қаласының Береке ықшам ауданында 50 келушіге арналған дәрігерлік амбулатория құрылыстары жүргізілуде. Атырау қаласында да екі емхана салу жоспарланған.

Ал Атырау қаласындағы облыстық онкологиялық диспансердің ескі ғимаратының

орнына 180 төсектік онкологиялық диспансердің радиологиялық корпусының құжаты дайын. Қазір онкологиялық диспансердің жобалау-сметалық құжаттамасы жасақталуда.

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБА ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛАДЫ

Атырау облысының кешенді даму жоспары аясында туризм саласында 9 инвестициялық жобаны жүзеге асыру жоспарланған болатын. Бүгінде оның бесеуі іске қосылды. Жалпы, туризм саласындағы инвестициялық жобалар толық іске қосылған жағдайда 338 жаңа жұмыс орны құрылады.

— Ежелгі Сарайшық қаласының маңыздылығы мен танымалдығын арттыру үшін биыл мұнда визит-орталық ашылды. Көне шаһар Қазақ хандығының астанасы болған өңіріміздегі кастерлі әрі тарихи орындардың бірі екенін жақсы білесіздер. Сарайшық қалашығы өңіріміздің визит картасына айналады деп сенеміз. Қазір 2023-2027 жылдарға арналған «Сарайшықты дамыту» тұжырымдамасы жасақталып жатыр.

Сондай-ақ жыл соңына дейін тағы екі жобаны іске қосу жоспарлап отырмыз. Бұл — Keremet park аттракциондар мен белсенді отбасылық демалыс паркі және Исатай ауданындағы AMANDYQ кемпингі, — деді Серік Шәпкенов.

Атырау облысында медицина саласындағы басты проблемалардың бірі — кадр мәселесі. Жергілікті билік бұл мәселені шешу үшін жан-жақты жұмыс жүргізуде. Мысалы, биылдан бастап Атырау облысына жұмысқа келетін медицина мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын көрсету бағдарламасы жұмыс істейді.

— Осы мақсатта медициналық ұйымдарға жұмысқа орналасу кезінде біржолғы материалдық көмектің мөлшері ұлғайтылды. Көмек мөлшері қалада — 3 млн теңгеге дейін, ауылдық жерлерде — 5 млн теңгеге дейін өсті. Бұдан басқа, Атырауда ғана жүзеге асырылатын арнайы бағдарлама бойынша дәрігер-



лер «Отбасы Банк» АҚ жергілікті филиалы арқылы кепілсіз және жылдық 5%-бен тұрғын үй сатып алуға қатыса алады, — деп атап өтті Серік Шәпкенов.

Әлеуметтік қолдау шараларынан бөлек, дәрігерлердің біліктілігін арттыруға көңіл бөлінеді. Ол үшін Атырауға алыс және жақын шетелдерден, сондай-ақ озық технологиялар қолданылатын республикалық клиникалардан жергілікті кадрларды оқыту үшін мамандар шақырылады. Медицина қызметкерлерінің біліктілігін арттыру үшін 2023 жылға жергілікті бюджеттен қаражат бөлініп, мыңнан астам атыраулық маманды үздік шетелдік емханалар базасында оқыту жоспарланған.

Денсаулық сақтаудың қолжетімді және тиімді жүйесін қамтамасыз ету үшін Атырау облысының денсаулық сақтауды дамыту жөніндегі бес жылдық тұжырымдамасын әзірлеу басталды. Тұжырымдама денсаулық сақтау саласындағы нысаналы индикаторларды жақсартуға, инфрақұрылымды дамытуға, кадрлар тапшылығын төмендетуге және медицина қызметкерлерінің біліктілігін арттыруға, сондай-ақ медициналық көмектің сапасын жақсартып, көлемін кеңейтуге бағытталған.

2025 жылға дейін қолдан өсірілетін балықтың көлемі 7 мың тоннаға дейін жетеді. Былтыр облыстағы кәсіпорындар 200 тоннадай балық өсірген. Бұдан бөлек, Жайық-Каспий бассейнінен 14 323 балық ауланды.

— Балық өңдеу және одан дайын өнім шығару — Атырау экономикасында маңызды рөл атқаратын сала. 2025 жылға дейін балық өсіретін сегіз кәсіпорын және бір балық өңдеу цехын ашу жоспарланып отыр. Нәтижесінде, тауарлы балық өсіру 7 мың тоннаға дейін артып, 300 тұрақты жұмыс орны ашылады, — деді Серік Шәпкенов.

Атырау облысының әкімі Серік Шәпкеновтің айтуынша, биыл облыста жалпы саны 13 540 оқушыға арналған тоғыз мектептің құрылысы аяқталды. Атырау қаласы мен қала маңындағы бес мектептің және аудандардағы төрт мектептің (13 мыңнан астам орынға шақталған, 140 орын) құрылысы аяқталып, пайдалануға беріледі.

— Атырау облысы бойынша жалпы саны 21 600 оқушыға арналған 16 мектептің құрылысын аяқтау және пайдалануға беру жоспарланған. Оның ішінде екі мектепке жергілікті бюджеттен қаражат бөлініп, қалған 14 мектептің құрылысы республикалық бюджеттен қаржыландырылады.

Сондай-ақ 2024 жылы тапсыру жоспарланып отырған тоғыз мектеп «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында салынады. Қазір шарт жасасу рәсімі жүріп жатыр, осы жоба бойынша 9 мектептің құрылысы биыл жазда басталады, — деді Серік Шәпкенов.

Түйіндеп айтқанда, облыста жүзеге асырылып жатқан ауқымды жобалардың барлығы әлеумет әлеуетін арттыруға бағытталып отыр.

Баян ЖАНҰЗАҚОВА,
Атырау облысы

ЖЕЛІК ҚУҒАН ЖҮРГІЗУШІЛЕР

Елімізде жылдамдықты арттырып немесе дұрыс бұрылыс жасамай, жолкөлік апатына ұшырау азырақ емес. Мотоцикл тізгіндегендер де осы санға өз үлесін қосып жатыр.

Алдағы уақытта Қазақстанда видеоталдау жүйесі енгізіліп, жылдамдық асырған жүргізуші туралы мәлімет бірден полицияның планшетіне жіберіледі. Бұл туралы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Бағдат Мусин айтқан болатын. Оның айтуынша, бүгінде еліміздегі көшелерге 100 мың бейнебақылау камерасы орнатылған. Бейнеталдау жүйесі жылдамдық асырғанды жақсы көретін жүргізушілермен күресуге мүмкіндік береді. Жол полицияларына берілген қарапайым планшет превентивті талдау, превентивті жұмыс құралына айналуға тиіс. Жүргізуші 10 камера тұсынан сағатына 200 шақырыммен өтіп, айыппұл төлеген соң жөніне кете беретін жайттар жиі тіркеледі. Мұндай жағдайды болдырмау үшін не істеу керек? Жүргізуші 3-4 камера тұсынан өте жоғары жылдамдықпен өтсе, онда сол жерде тұрған жасақтан ақпарат бірден планшетке түсуі тиіс. Бұл апараты азайтудың бірден-бір жолы болуы мүмкін.

Жол тәртібі — өмір тәртібі десек те болады. 12 маусымда «Қарағанды — Теміртау» тасжолында екі жеңіл көлік соқтығысып, оқиға орнында екі адам қаза тапты. Одан бөлек, үш адам ауыр жаракат алып, ауруханаға жеткізілді. Облыстық Полиция департаментінің мәліметінше, оқиға таңертеңгі сағат 11.00 шамасында болған. Audi көлігін тізгіндеген 57 жастағы жүргізуші маневр кезінде қарсы бағытта келе жатқан VA3 — 2114 автокөлігімен соқтығысқан. Жолкөлік оқиғасы фактісі полицияда тіркеліп, қажетті сараптамалар тағайындалды. Қорытындысы бойынша процессуалдық шешім қабылданып отыр.

Осыған ұқсас жағдай 4 маусым күні болған еді. Бұл жолы Қарағанды қаласындағы Тәттімбет пен Б.Момышұлы көшелерінің қиылысында Chevrolet Cobalt көлігінің 23 жастағы жүргізушісі солға бұрылып келе жатып қозғалыс қауіпсіздігіне көз жеткіз-



“
Алдағы уақытта Қазақстанда видеоталдау жүйесі енгізіліп, жылдамдық асырған жүргізуші туралы мәлімет бірден полицияның планшетіне жіберіледі.

бей, Toyota Camry көлігімен соқтығысқан. Жолкөлік оқиғасы салдарынан Toyota Camry көлігінің екі жолаушысы әртүрлі дәрежедегі дене жаракатын алып, ауруханаға жеткізілді.

Сол күні Осакаровкада да бір адамды жалмаған оқиға болды. Бұл ауылда мотоциклді жүргізушілер де қауіпті болып тұр. Олардың арасында да көз жұмғандар саны артқан. Жергілікті Полиция қызметі басқармасы мотоциклді бар азаматтармен кездесіп, олардың иелігіндегі көлік құралдарының құжаттары бар-жоғын тексерді. Сонымен қатар тәртіп сақшылары мотоцикл иелеріне жол-жүру ережелерін сақтау бойынша да түсіндіру жұмысын жүргізді. Десе де, мотоцикл жүргізушілер тарапынан бүгінде құқықбұзушылыққа жол беру жағдайлары жиі кездеседі. Мәселен, 13 мамырда сағат 22.00 шамасында Қарағанды облысы Құлайғыр ауылының маңында Абай аудандық Полиция басқар-

масы патрульдік полиция взводның қызметкерлері мемлекеттік тіркеу нөмірі жоқ мотоциклді тоқтатқан. 29 жастағы жүргізуші көлігіне мемлекеттік нөмір тақпағанына қарамастан, мотоцикл құралын ішімдік ішкен күйде басқарған.

Соттың шешімімен ол 15 тәулікке әкімшілік қамауға алынып 7 жылға жүргізуші құқығынан айырылды. Шахтинск қаласында 13 мамыр күні сағат 15.00 шамасында 16 жастағы қала тұрғыны көпқабатты үйлердің ауласында ИЖ Юпитер 3 мотоциклін басқару кезінде жол қауіпсіздік ережелерін ескермей, 3 жастағы баланы қағып кетті. Салдарынан жәбірленуші ауруханаға жеткізілді. Сол күні сағат 23.00 шамасында Есенгелді — Қарағанды тасжолында Honda мотоциклінің 35 жастағы жүргізушісі 30 жастағы VA3-21014 автокөлігінің жүргізушісімен соқтығысты. Жолкөлік оқиғасының салдарынан мотоцикл жүргізушісі оқиға орнында қайтыс болды. Аталған дерек полицияда тіркелді. Тиісті сараптамалар тағайындалып, тергеу амалдары жүргізіліп жатыр. Қарағанды облысының Полиция департаменті мотоцикл жүргізушілерін жол жүру ережелерін қатаң сақтап, сақтандыру кимдерін киіп жүруге шақырды.

Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ,
Қарағанды облысы

АЛПЫСТЫҢ АСУЫҢДАҒЫ АЗАМАТ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетін бітірген соң сол оқу орнындағы «Қазақстанның жаңа және қазіргі заман тарихы» кафедрасына қызметке орналасып, ғылымға ден қойған Талғат Мекебаев өзінде де, өзгелерге де беймәлім «Қазақстандағы уақытша Үкімет органдарының қызметі» атты жұмбағы көп тақырыптың тереңіне қойды да кетті. Сан түрлі зерттеудің сырына үңіліп, тың деректер іздеді.

Төкең мол материал жинай жүріп, шаруасын шырк үйірді. Үзбей жазып, уақытша Үкімет тұсындағы қым-қуыт оқиғаларға өзінше баға берді. Оқырман қауым оның ғылыми мақалаларын көзінен таса етпей, жанына жақын тұтты.

Кеңес Одағында қалыптасқан идеологиялық себептердің салдарынан ұмыт бола бастаған тарихи жырларды жинап, жариялаудағы нәтижелі еңбектері Талғат Мекебаевтың азаматтық абыройын тағы да аспандата түсті.

Егер ер жігіттің сегіз қырлы, бір сырлы боларын бағамдап, бағалай алсақ, Төкеннің бойынан бұл болмыстың да бірнеше қырлы



көрер едік. Ол университет қабырғасында дәріс оқып жүріп, басшылық қызметтерді абыроймен атқарды. 2011 жылдан әл-Фараби атындағы ҚазҰУ қызметкерлерінің «Парасат» кәсіподағы төрағасы қызметін атқарып жүр.

Біле-білгенге университет кәсіподағының шаруасы да шаш етектен. Алайда Талғаттың болмысы қызметі өсіп, абыройы арта бастаған тұста да өзгере қойған жоқ. Университет қызметкер-

лерінің «Парасат» кәсіподағының екі тізгін, бір шылбырын ұстаған шақта да Талғат ұлан-ғайыр іс тындырды. Университет қызметкерлері мен 118 оқытушысы мекеме басшысының көмегімен, соның ішінде Талғат Мекебаевтың жеке араласуымен жеңілдетілген бағамен бірнеше пәтерге ие болды. Айта берсек, университетте атқарылып жатқан мұндай келеді істер жетерлік. Бұл Төкеннің нағыз іскерлік, ұйымдастырушылық қабілет, қырларың ашты.

Талғат Құмарғалиұлының ел игілігі үшін атқарған еңбектері елеусіз қалған жоқ: «Шапағат», «Ы.Алтынсарин», «Ерен еңбегі үшін» және әртүрлі дәрежедегі орден-медальмен марапатталды; «Білім беру ісінің құрметті қызметкері», «Мәдениет саласының үздігі», «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» деген құрметті атақтарға ие болды. Мұның бәрі бүгінде алпыстың асуына шығып отырған Талғат Мекебаевтың өмір жолының өнегелі, ел үшін атқарған қызметінің қайырлы екенін көрсетеді.

Пазылбек ҚҰАНБАЙҰЛЫ

«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы «Табиғи монополиялар туралы» ҚР заңының 22-бабы 1-тармағының 9-2) тармақшасына сәйкес өңірдегі (қаладағы) экономикалық қызмет түрлері бойынша бір жылдағы статистика бойынша қалыптасқан бір қызметкердің орташа айлық атаулы жалақысының өзгеруіне байланысты 2023-2025 жылдарға арналған электр энергиясын беру жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтерге бекітілген тарифтің өзгергені туралы хабарлайды.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің 2023 жылғы 26 маусымдағы №88-НҚ бұйрығының негізінде Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды

реттеу комитетінің 2020 жылғы 24 қарашадағы №68-НҚ бұйрығына өзгерістер енгізілді және 2021-2025 жылдарға арналған электр энергиясын беру жөніндегі қызметтерге тарифтер бекітілді:

2021 жылға — КҚС есебінсіз кВтсағ үшін 1,91 теңге;
2022 жылға — КҚС есебінсіз кВтсағ үшін 2,17 теңге;
2023 жылға 01 қаңтардан бастап — КҚС есебінсіз кВтсағ үшін 2,18 теңге;
2023 жылға 01 шілдеден бастап-КҚС есебінсіз кВтсағ үшін 2,43 теңге;
2024 жылға — КҚС есебінсіз кВтсағ үшін 2,46 теңге;
2025 жылға — КҚС есебінсіз кВтсағ үшін 2,48 теңге.
Сондай-ақ ақпарат www.railways.kz сайтында орналастырылған.

«АМАНАТ» – 2023 МЕДИАСЫЙЛЫҒЫ» КІМДЕРГЕ БҰЙЫРДЫ?



«АМАНАТ» партиясы Бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлері күні қарсаңында журналистер арасындағы «АМАНАТ» – 2023 медиасыйлығы» республикалық байқауының қорытындысын жариялады.

Бүгінде еліміздегі БАҚ қызметкерлерін ынталандыруға бағытталған беделді іс-шаралардың бірі – «АМАНАТ» медиасыйлығы» осымен қатарынан он төртінші рет өткізіліп отыр. Осы уақыт аралығында конкурсты өткізу тәртібі мен ережесі айтарлықтай жетілдіріліп, аталымдар мен арнайы сыйлықтар қатары толықты. Отандық медиасалада қызмет етіп жүрген 150-ден астам адам байқау жеңімпазы атанып үлгерді.

Биыл байқауға 300-ден аса адамнан 2 мың жұмыс келіп түсті. Оның басым көпшілігін (60%) аймақтағы ақпарат саласының өкілдері жолдады. Айта кетейік, биылғы байқауға YouTube жобалар да қабылданды. Осылайша, 7 номинация мен 3 арнайы сыйлық бойынша жеңімпаздар анықталды.

Салтанатты рәсімді ашқан «АМАНАТ» партиясының Төрағасы Ерлан Қошанов ақпарат құралдарының өкілдерін кәсіби мерекемен құттықтап, бұл журналистердің ғана мерекесі емес, халықтық мейрам екенін атап өтті.

«Қоғам сапалы, шынайы және танымдық дүниелерді оқығысы келеді. Мұндай ақпаратты тек нақты дерек пен дәйекке сүйенетін журналист қана ұсына алады. Ол – сөздің қуаты мен қадірін білетін, жауапкершілігі жоғары, кәсібіне адал нағыз маман. БАҚ-тың басты миссиясы да – осы. Сіздердің макалаларыңыз бен сюжеттеріңіз қоғамды ұдайы алға жетелеп отыратын, ел дамуына ықпал ететін құндылықтарды дөріптейді. Бұл – патриотизм, адал еңбек, бейбітшілік пен тұрақтылық, заң мен тәртіп, білімге құштарлық, туған жері мен төл мәдениетіне деген сүйіспеншілік. «АМАНАТ» партиясының байқауы осындай журналистік жұмыстарды қолдауға бағытталған», – деді партия Төрағасы.

Байқауда «Алаш қозғалысы бойынша үздік материал» номинациясында жеңім-

паз атанған «Жетісу» телеарнасының продюсері Гүлжан Қызылбаева репрессия тақырыбында жасаған зерттеу материалының жоғары бағаланғанына ризашылығын жеткізді.

«Арнамызда «Архивтегі ақиқат» деген бағдарлама бар. Онда архивтерді ақтарып, көп ізденіспен жасалған зерттеу мате-



риалдары жарық көреді. Сол жұмысымызды байқауға ұсынып, оны қазылар алқасы жүлдеге лайық деп таныған екен. Жалпы телеарнада жалғыз шауып бәйге ала алмайсың. Сондықтан бұл «Жетісу» арнасындағы барша әріптесімнің жетістігі деп білемін», – деді ол.

Ал «Еңбек адамы туралы үздік материал» номинациясын жеңіп алған Қойлыбай Асанов осы тақырыпта 30 жылдан астам уақыттан бері қалам тербеп келе жатқанын жеткізді.

«Адал еңбек пен мандай тер егемен еліміздің іргесін нығайтып, тәуелсіздігімізді баянды етеді. Өзім қойшының баласымын. Сондықтан болар, еңбек адамының кісілік келбетін, өнегелі өмір жолын бір кісідей білемін. Сол сарыжайлау, кең далادا еркін ғұмыр кешкен, көненің көзін көрген тұлғалы адамдарды насихаттау менің қаламгерлік мұратым деп ойлаймын. Еңбегімді бағалаған баршаңызға алғысым шексіз», – деді К.Асанов.

Ерке ЕРҚОҢЫР



АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ – Ақмола облысы
Нұрболат АДЫРБЕК – Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛАҒАН – Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ – Қарағанды облысы
Назғұл НАЗАРБЕК – Шымкент қаласы
Роза ШӘКЕН – Солтүстік Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛАҒАСБAY – Қызылорда облысы
Баян ЖАНУЗАҚ – Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:
Кәсіпорындар, мекемелер үшін – 35102
Зейнеткерлер, соғыс ардагерлері үшін – 45102
Жеке жазылушылар үшін – 25102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklam.aiqyn@gmail.com
ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның» компьютер орталығында беттелді
ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4319
Астана қ., «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Аматты-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ., «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114

ҰЛТТЫҚ ОРКЕСТР ТУРАЛЫ КІТАП ШЫҒАДЫ

Ұлттық оркестрдің 90 жылдығына орай оның тарихын баяндайтын кітап жарыққа шығады.

Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық халық аспаптар оркестрінің директоры Медет Қуанышевтың айтуынша, оркестрдің ғасырлық тарихын әртүрлі бейнематериалдарға, кітап басылымдарына түсіріп, оркестрдің бүгінге дейінгі даму тарихын таныстыру ниеті бар.

«Оркестрдің бастауында тұрған музыкалтанушылар, дирижерлермен таныстырсақ дейміз. Қазір біз мұрағаттық материалдармен жұмыс істеп жатырмыз. Концерттік өмірден бос уақытты осы жұмысқа арнаймыз», – дейді ол.

Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық халық аспаптар оркестрінің 1934 жылы академик Ахмет Жұбанов құрды. Ұжымда бүгінде 90-ға жуық музыкант өнер көрсетеді. Олардың репертуарында 4 000 туынды бар.

Сондай-ақ өнер ордасы жыл басынан бері халық композиторы Құрманғазы Сағырбайұлының 205 жылдығы қарсаңында бірқатар ауқымды іс-шара ұйымдастырып келеді.

«90-маусымды Римдегі халықаралық гастрольлік концерттімізбен аштық. Римнен басқа Неаполь мен Флоренция қалаларына бардық. Жергілікті көрермендер қазақ музыкасының ерекше дәміне тәнті болып, жылы лебізі мен құттықтауын білдірді. Ұлттық және әлемдік



Ұлттық домбыра күнінде оркестр елордада өтетін шараларға қатысады. Оркестр ұжымындағылар екі мерейтойды ескере отырып, арнайы қойылымдар дайындайды.

«Биыл Домбыра күніне арналған концерттік бағдарлама Құрманғазы атындағы оркестр мен Н.Тілендиев атындағы «Отырар сазы» академиялық оркестрінің қатысуымен өтеді. Көрермендер елімізде танымал дирижерлердің жетекшілігімен танымал әртістердің, соның ішінде Айтқали Жайымов, Дінзүхра Тілендиева, Руслан Баймурзин және басқалардың өнерін тамашалай алады. Бағдарламаның басты ерекшелік-



классика жауһарлары, музыка шебері, халық композиторы Құрманғазының үздік туындылары орындалған ауқымды концерт өтті. Әрбір іс-шара Құрманғазы Сағырбайұлының 205 жылдығы мен ұлттық оркестрдің 90 жылдығын мерекелеу аясында өтіп жатыр», – делі ол.

терінің бірі солақай домбырашылардың өнер көрсетуі болады. Өйткені әдетте бұл аспапта оң қолмен ойнайды. Сондай-ақ Халық әртістері Секен Тұрысбеков, Ерлан Рысқали және Айгүл Қосанова өнер көрсетеді деп жоспарланған», – делі оркестрдің бас дирижері Абылай Тілепберген.

ЖАС ҚАЛАМГЕР БАЙҚАУЫ



Елорданың 25 жылдығына орай қала әкімдігінің Жастар саясаты мәселелері басқармасы жас ақындар мен жазушыларды қолдау мақсатында «Үздік жас қаламгер» байқауын жариялады.

Байқауға 14-35 жас аралығындағы елордалық жас ақындар мен жазушылар қатыса алады. Әр жүзделі 25 қатысушыға 500 мың теңге қаржылай сыйлық қарастырылған. Мақсаты – жас ақындар мен жазушыларға шығармашылық дамуы үшін жағдай жасау және жастардың оң бастамаларына қолдау көрсету, қазақ хал-

қының дәстүрін жан-жақты зерделеу арқылы жастардың ақындық шеберлігін шыңдау, ұлттық мәдениет арқылы отансүйгіштік сезімін дамыту, қазақ тілінің ролін көтеру, дарынды жас ақындар мен жазушыларды анықтау және оларға шеберлігін шыңдауға мүмкіндік беру. Шығармалары 5 шілдеге дейін қабылданады.



Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –
Ысқақ ЕГЕМБЕРДИЕВ

Бас редактор –
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Шынболат КҮЗЕКБАЙ –
Шығарушы редактор

Асқар БЕК –
Сайттың бас редакторы

Елдар ҚАБА –
Секретариат меңгерушісі

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:
010000. Астана қаласы, Қонаев көшесі, 12/1
Байланыс телефоны: Астана қ., (7172) 72-95-46
e-mail: aikyngazeti@gmail.com, aikyn_nurmedia@mail.ru

• Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.
• Авторлар қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды.
• Көлемі үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
• «Айқын» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

Кезекші редактор –
Айдана НҰРМҰХАН

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде тіркелген алыппа, мерзімізді бастасөз басылымның қайта есептеуіне қатысты №17416-Г құрамы 25.12.2018 жылы берілді
(Алғашқы есептеу қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №4448-Г – 01.12.2003ж.)